При работе с детьми с нарушениями речи важно использовать различные методы и приемы. Сегодня, помимо традиционных логопедических приемов по коррекции звукопроизношения, широко используется такой эффективный метод, как логоритмика. Это своего рода активная коррекция, целью которой является преодоление речевых нарушений путем развития моторики ребенка в сочетании со словами и музыкой.

Влияние того или иного ритма на состояние человеческого организма было замечено человечеством давно. Любое ритмичное движение активизирует деятельность человеческого мозга. В спортивной психологии и психофизиологии доказано, что качество упражнений улучшается, если темп движения синхронизирован с музыкой. Поэтому с раннего детства рекомендуется развивать чувство ритма в доступной для детей форме - ритмические упражнения и игры: пальчиковые, речевые, музыкально – двигательные и коммуникативные. Занятия логоритмикой направлены на всестороннее развитие ребенка, на развитие пластики пальцев рук и ног, чувства ритма. Разработанный более 50 лет назад, логоритмический метод обучения детей с нарушениями речи и сегодня широко используется. Важнейшей задачей, определяющей особую значимость речевого ритма как одного из звеньев логопедической коррекции, является формирование и развитие сенсорно-двигательных способностей у лиц с речевой патологией, перевоспитание речи и устранение речевых нарушений.

По мнению Воробьевой В. К. и Левиной Р. Е. [1], высшие психические функции, общая и мелкая моторика составляют психологическую основу речи. Развивая эти функции логоритмически, мы влияем на развитие речи, в том числе произношения.

Коррекция речевых нарушений у детей младшего школьного возраста-длительный и сложный процесс. Самый длительный период-это этап ввода звука в речь, то есть этап автоматизации звука. В связи с этим в процессе логопедической работы особое внимание следует уделять развитию звуков, заданных в речи в различных ситуациях речевого общения.

В процессе коррекции дефектов звукообразования развивается познавательная деятельность младших школьников, развиваются операции анализа, синтеза и сравнения. Очень важно использовать

логоритмику на всех этапах работы по устранению звуковых нарушений.

Долевое соотношение слов, музыки и движений в логоритмическом воздействии может и должно быть различным, дифференцированным для разных групп детей или даже индивидуализированным в соответствии с характером речевого дефекта. Один из компонентов (слово, музыка или движение) будет преобладать над другими. Этот вывод был сделан нами по итогам изучения литературных источников, конкретные ссылки на которые будут приведены ниже.

Проблемы с речью в детском возрасте приводят к неудачам во взрослом возрасте. Ведь дефекты произношения могут помешать ребенку в будущем стать квалифицированным руководителем или ведущим специалистом в любой сфере деятельности. Сегодня скорректировать речь ребенка, устранить дефекты произношения можно не только с помощью занятий с логопедом, но и при участии педагога-ритмиста. Но это возможно лишь при условии грамотного, целесообразного отбора и использования ритмического материала, чтобы «бил в цель» - улучшение речи, несмотря на веселый и забавно-развлекательный характер практически всех упражнений.

Характерной чертой фонетической стороны речи младших школьников является не только неправильное произношение звуков, но и их чередование, перестановка, пропуск, что значительно снижает понимание речи, увеличивает размытость и двусмысленность. Сегодня у каждого логопеда, готового использовать элементы логоритмики, есть «помощник»-«Типовая учебная программа для обучающихся с тяжелыми нарушениями речи», по предмету «Коррекционная ритмика», 0-4 классы, утвержденная Приказом МОН РК [2]. Содержание обучения в виде ожидаемых результатов ранжированы по таксономии Блума, структурировано по разделам и годам обучения в соответствии с принципами онтогенеза и концентричности. Но, к сожалению, логопеды массовых(инклюзивных) школ не имеют представления об этом уникальном инструменте.

Использование в процессе логопедических занятий таких ритмических средств, как пения, декламации, подвижных и сюжетно-ролевых игр и др., представленных в Программе по Коррекционной ритмике, способствует развитию невербальных средств общения, речевого самоконтроля, «речевого» выдоха, силы и красоты голоса, активизации речевой моторики, улучшению координации в деятельности всех отделов периферического речевого аппарата». Но выбор этих средств не должен быть стихийным, произвольным. Логопеду следует детально изучать структуру речевого дефекта в каждом отдельном случае и учитывать это знание, выбирая ритмические упражнения.

Так, например, для детей с дизартрией и алалией характерны дискоординационные расстройства. Данный вид расстройств проявляется в виде нарушения точности и соразмерности производимых артикуляционных движений, это особенно справедливо в отношении сложных тонких дифференцированных движений. Даже при отсутствии значительных парезов артикуляционной мускулатуры, отмечается, что произвольные движения выполняются неточно, несоразмерно, при этом часто имеет место чрезмерная двигательная амплитуда (гиперметрия). К примеру, ребенок, страдающий дизартрией, способен вытянуть язык вверх, практически касаясь им самого кончика носа, однако при попытке расположить его на нижней губе, испытывает затруднения. Большое значение в формировании нарушений артикуляционной моторики имеют патологические изменения реципрокной иннервации. Известно, что для совершения произвольных движений огромную роль играет не только возбуждение центров нервной системы, отвечающих за сокращение определенной группы мышц, но и торможение, которое развивается и уменьшает возбудимость нервных центров, осуществляющих иннервации. Противоположной по функциям группы мышц – мышц-антагонистов. Плавность и точность движений осуществляется за счет согласованной работы мышц-агонистов и мышц-антагонистов. То же самое касается и работы артикуляционных мышц. Таким образом, очевидно, что основную часть ритмических упражнений на занятиях с детьми с дизартрией или алалией, должны составлять упражнения на развитие координации общих движений, смены позы, направлений и характера движений под счет и с закрытыми глазами, кинезеологических упражнений со скруткой, перекрестом разных частей тела.

Для более грамотного дифференцированного подбора ритмических упражнений логопеду следует выяснить, какое звено (фонетическое или слогоритмическое) сильнее поражено в звуко-слоговой структуре слова у ребенка. И.А. Сикорский в своих работах говорит о том, что у всех детей с речевыми нарушениями и задержкой речевого развития можно увидеть 2 варианта усвоения звукослоговой структуры слова:

1 вариант – дети, слова которых характеризуются редукцией слогового состава слова до одного, чаще ударного, слога, то есть дети с преимущественным нарушением слогового ритма.

2 вариант – дети, для которых характерно «стремление к воспроизведению всего слова с опорой на его, ритмическую, в том числе и акцентную, модель - титиТИИ - кирпичи; тиТИИти – бисквиты», то есть дети с преимущественным нарушением звуконаполнения слов. [3]

В учебном пособии Е.Н. Винарской и Г.М. Богомазова «Возрастная фонетика» отмечается, что даже в норме у одних детей раньше формируется ритмическая структура слова, а у других сначала появляются аморфные, неритмичные слова-корни. Причину этого авторы видят в разной степени созревания кинестетической или слуховой чувствительности. Так, при преимуществе кинестетической чувствительности раньше усваивается ритмическая структура слова. У детей с ведущей слуховой чувствительностью раньше формируются звуковые контрасты. Фонетические слоговые представления и представления ритмических структур обеспечиваются афферентацией различной физиологической модальности: кинестетической, акустической, вестибулярной, тактильной и зрительной, что должно учитываться при коррекционной работе с детьми, имеющими расстройства речи. [4]

Таким образом, искажения слова звуко-слогового состава слов у детей зависит не только от уровня речевого недоразвития, но и от его характера. В одних случаях недоразвитие влияет на недостатки овладения слоговым составом слова через отклонения в сенсорной сфере и возникающие вследствие этого трудности в различении слоговых контуров. В других же случаях ввиду несформированности артикуляционной сферы возникают затруднения в воспроизведении слоговых контуров, в слиянии разных слогов в ряду. Следовательно, чтобы коррекционно-логопедическую работу проводить, эффективно, логоритмический материал должен быть подобран дифференцированно: для детей с преимущественным нарушением слогового ритма необходимы музыкально-ритмические движения (с предметами и без)- с использованием простого и четкого ритма маршевой мелодии с одной сильной и одной или тремя слабыми долями в такте. Например, идя по кругу под марш $4\backslash 4$, ребенок наклоняется под каждую сильную долю (счет «раз») и кладет на пол предмет. Под счет 2-3-4 маршевый шаг. Затем, обойдя под марш 2 круга, под сильную долю присаживается на колено, чтобы поднять оставленный на полу предмет. Дети, для которых, по И. Сикорскому, характерно «стремление к воспроизведению всего слова с опорой на его, ритмическую, в том числе и акцентную, модель - титиТИИ– кирпичи» больше нуждаются в развитии своих слухоразличительных способностей, в различении звуков природы и речи. Им необходимы упражнения на распознавание силы, качества и направления звучания.

Благодаря Г.А. Волковой [5], методика воздействия средствами логопедической ритмики нашла широкое применение в работе с детьми дошкольного и младшего школьного возраста, имеющими не только дизартрию или алалию, о чем говорилось выше, но и все другие известные клинические варианты речевых расстройств (дислалия, ринолалия, алалия, заикание, нарушения голоса, тахилалия, брадилалия, спотыкания). Но в то же время коррекционная работа с детьми, страдающими общим недоразвитием речи в сочетании с различными сопутствующими нарушениями сенсорной сферы или движений, представляет сложную проблему для специалистов, так как данная группа детей характеризуется различной природой дефекта и неоднородностью клинических и других проявлений. Дети с сочетанной патологией составляют всё более возрастающую долю в контингенте учащихся специальных (коррекционных) школ.

Для экспериментальной работы по исследованию эффективности дифференцированного подхода к отбору логоритмического материала нами было выбрано 10 учащихся спецшколы-интерната для детей с тяжелыми нарушениями речи. Все учащиеся были разбиты на 2 группы: экспериментальную и контрольную. В экспериментальной группе три участника имели общее недоразвитие речи 3-го уровня на фоне заикания и алалии. У двоих учащихся общее недоразвитие речи 3-го уровня в сочетании с аномалиями сенсорной и двигательной сфер. Контрольную группу (5 человек) составили ученики с аналогичным речевым заключением.

Критерием, по которому сравнивались достижения учащихся контрольной и экспериментальной групп, была эффективность и качество реализации планов индивидуальной коррекционно-речевой работы (ПИКРР). Шкалирование проводилось в соответствии с постоянной Ингенкампа: Освоение ПИКРР не более, чем на 75% соответствовало уровню с условным названием «незначительное продвижение»; уровень «значительное продвижение» предполагал эффективность выполнения ПИКРР на 75-100% и, наконец, высокий уровень, –«качественный скачок» - предполагал, что план

выполнен полностью (на 100%) и при этом качественные изменения в речи ребенка были заметны каждому: и родителям, и учителям, и другим учащимся, и самому ребенку. Набор параметров отражал направления коррекционно-речевой работы с детьми с ТНР. Согласно Специальным Типовым образовательным программам для детей с ТНР, в числе других таковыми являются: слоговая структура слов, лексико - грамматический строй и связная устная речь. [2]

Содержание экспериментального обучения состояло в том, что логопед подбирал логоритмический материал специально для каждого из учащихся индивидуально, с учетом картины дефекта. При этом работа с тремя учащимися с ОНР 3-го уровня без сопутствующих нарушений (Арсений З., Николай Л., Богдан Ш.) проводилась в соответствии с методическими рекомендациями Г.А.Волковой [5]. Четвертый участник эксперимента Чингиз К. имел нарушения опорно-двигательного аппарата: ДЦП атонически-астатической формы; работа с ним была организована по методике Жигоревой [6]. У пятого участника Сергея Ш. было снижение слуха 2-3 степени. В занятия с Сергеем Ш. были включены элементы фонетической ритмики, представленные в методике Т.М.Власовой и А.Н.Пфафенродт.[7]

Работая с Чингизом, мы смогли проследить интересную взаимосвязь состояния речи и двигательной сферы. Известно, что при атонически-астатической форме ДЦП отмечаются: низкий мышечный тонус, нарушение равновесия тела в покое и при ходьбе, расстройство координации движений, тремор, гиперметрия. Походка неустойчивая, неуверенная, руки разведены в стороны, туловище совершает много избыточных качательных движений для сохранения равновесия. Чингиз довольно часто падает, у него сбиваются синхронность и ритм. Примерно те же самые симптомы наблюдались и в его речи. Разборчивость речи - своеобразный прообраз четкости общих движений - была снижена, наблюдались трудности в выполнении и удержании артикуляционных укладов, - в той же степени как недоступно было удержание телесных поз; мимика, как и пантомимика - вялая. Голос неблагозвучный, резкий, отмечалась асинхронность дыхания во время речи, - аналогично тому, как асинхронно двигались руки и ноги Чингиза во время ходьбы: несинхронно –из-за несформированности перекрестной схемы ходьбы. Практически отсутствовала интонация, что ассоциировалось с отсутствием гибкости общих движений тела. Ритм речи скандированный, ритм движений – сбивчивый, темп замедленный. Но, главное, Чингиз серьезно затруднялся в планировании и проговаривании связного высказывания: несколько раз повторял одни и те же слова, делал длительные паузы между фразами, почти договорив предложение до конца, снова возвращался к началу.

Организуя эксперимент, мы учли все эти проявления и подобрали упражнения специально направленные на устранение двигательных дискоординационных расстройств - с элементами кинезиотерапии. Занятия с элементами кинезиотерапии эффективно повлияли на общее развитие Чингиза: на фоне усовершенствования общих движений (улучшение равновесия, устойчивости тела, удерживание поз формирование перекрестной схемы ходьбы) произошел качественный скачок и в развитии его речи, особенно по параметру «связная устная речь», - упорядочение двигательных реакций повлекло за собой своеобразное «упорядочение мыслей» во время речи. Улучшилось общее звучание: внятность, четкость, интонационная окрашенность. Аналогично осуществлялся подбор упражнений и для других учащихся - с учетом структуры речевого дефекта и, кроме того, с учетом связи между речевыми нарушениями и другими сторонами психического, сенсорного и моторного развития ребенка.

Результаты полугодовой работы показали преимущества такого подхода к подбору ритмических упражнений для индивидуальных логопедических занятий: более половины участников экспериментальной группы показали качественный скачок в развитии речи по 3-м параметрам: слоговая структура, лексико-грамматическое развитие и связная речь. Результаты представлены в таблице 1

Таблица 1. Сравнение результатов формирующего эксперимента по контрольной и экспериментальной группам (кол-во чел)

| | Контрольная группа | | | Экспериментальная группа | | |
|--|--------------------|------------------------|----------------|--------------------------|------------------------|---------------------|
| | Слоговая структура | Лексико-грамматическая | Связная устная | Слоговая структура | Лексико-грамматическая | Связная устная речь |
| | | | | | | |

| | | ское оформлени е фразы | речь | | ое оформление фразы | |
|-----------------------------------|---|------------------------------|------|---|---------------------------|---|
| Незначительно е продвижение | 4 | 3 | 5 | 1 | 2 | 0 |
| Значительное продвижение | 1 | 2 | - | 3 | 2 | 3 |
| Качественный скачок | - | - | - | 1 | 1 | 2 |

Результат эксперимента показал, насколько патогенетический анализ структуры дефекта важен при отборе материала для коррекционного обучения. Данный подход предполагает уточнение структуры первичного речевого дефекта, а, кроме того, выявление и учет возможных сопутствующих нарушений двигательной и/или сенсорной сфер.

Включение элементов логопедической ритмики в комплекс мероприятий по преодолению общего недоразвития речи различного генеза у школьников открывает дополнительные возможности для успешного их развития и обучения. Многообразие ритмических средств, представленных в Типовой специальной учебной программе по Коррекционной ритмике [2] позволяет логопеду дифференцированно, с учетом структуры и механизма дефекта, отбирать материал для логопедических занятий.

Немецкий педагог и философ Рудольф Штайнер в своей работе «Здоровое развитие телесно-физического как основа свободного проявления душевно-духовного» указывает на то, что возраст от 6-12 лет является временем развития ритмических способностей. «У ребёнка в этом возрасте имеет место внутренний порыв, внутреннее стремление переживать то, что он постепенно приобретает, как самостоятельное духовно-душевное; переживать конечно, бессознательно, инстинктообразно, как ритм, как такт, но - ритм и такт, которые разыгрываются прежде всего в его собственном теле. И у него есть стремление к разыгрыванию этого ритмического и тактового в собственной организации. Это необходимо учитывать, чтобы всё то, что преподносят ребёнку после смены зубов, было организовано таким тактовым, ритмическим образом, чтобы это вчлнялось в то, что ребёнок, собственно, хочет иметь.... Ребёнок в это время растёт таким образом, что его мускулы со-вибрируют с ритмом дыхания, ритмом кровообращения, так что все существо ребёнка хочет принять музыкальный характер. И нужно идти навстречу стремлению ребёнка так обращаться со своей собственной организацией, как это обстоит с новой скрипкой под влиянием скрипача, так что она своей собственной организацией осваивается с волновыми гребнями и впадинами.» [8]

Таким образом, можно сделать вывод о том, что все, что представляется в ритмизированном формате ребёнку младшего школьного возраста, будет приносить ему удовольствие и радость. Очевидно, что выполнение таких заданий будет более эффективным средством коррекции уже благодаря их ритмичности и природосообразности.

Литература:

1. Левина Р.Е. Педагогические вопросы патологии речи у детей// Специальная школа, 1967, вып. 2
2. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған мектептің 0-4 сыныбына арналған «Тіл дамуы кемшіліктерін түзеу» оқу бағдарламасы –2018. Опубликовано на официальном сайте МОН РК .<http://edu.gov.kz/ru/documents/tipovaya-uchebnaya-programma>
3. Сикорский И.А. О заикании. Интернет-ресурс <http://stuttering.su/node/37>
4. Архипова Е.Ф. Стертая дизартрия у детей. - М. Астрель-. 2008
5. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика. - М. – Просвещение-1985
6. Жигорева М.В. Дети с комплексными нарушениями в развитии. М.-Академия,- 2008,
7. Власова А.Н., Пфафенродт Т.М. Фонетическая ритмика. - Интернет-ресурс <http://nashaucheba.ru/>
8. Р. Штайнер «Здоровое развитие телесно-физического как основа свободного проявления душевно-духовного» Калуга: Духовное познание, 1995. – 470с

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ержанова Бакытгуль Ербулгановна

педагог-психолог

Алматы облысы, Талдықорған қаласы «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын
М.Арын атындағы «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі

АННОТАЦИЯ. "Пути организации психологической помощи при дистанционном обучении одаренных учащихся"» Актуальность данной темы заключается в том, что в дистанционном обучении немаловажным условием является оказание психологической поддержки одаренным учащимся. К переходу от традиционного обучения к дистанционной системе школьники не были готовы. Поэтому в процессе дистанционного обучения очень важно оказывать психологическую помощь учащимся. Ребенку трудно общаться на расстоянии, не чувствуя энергии учителя, т. е. не встречаясь вживую, понять, как учитель излагает тему. Это, в свою очередь, вызывает у ребенка беспокойство, снижает уверенность в себе. Для повышения эффективности дистанционного обучения необходимо прежде всего установить контакт с родителями, провести психологические консультации, организовать психологические тренинговые занятия с учащимися. То есть ученик всем своим существом должен положительно воспринимать дистанционное обучение, активно обучаться и самообразовываться.

ABSTRACT. "Ways of organizing psychological assistance in distance learning for gifted students" "The relevance of this topic lies in the fact that in distance learning an important condition is the provision of psychological support to gifted students. The schoolchildren were not ready for the transition from traditional education to a distance learning system. Therefore, in the process of distance learning, it is very important to provide psychological assistance to students. It is difficult for a child to communicate at a distance, without feeling the teacher's energy, that is, without meeting in person, to understand how the teacher presents the topic. This, in turn, causes anxiety in the child, reduces self-confidence. To increase the effectiveness of distance learning, it is necessary, first of all, to establish contact with parents, conduct psychological consultations, and organize psychological training sessions with students. That is, the student with his whole being should positively perceive distance learning, actively learn and self-educate.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: қашықтықтан оқыту, дарынды балалар, ата-аналар, психологиялық қолдау көрсету.

KEYWORDS : distance learning, gifted children, parents, psychological support.

Қазіргі уақытта әлемде орын алған пандемияға байланысты білім беру жүйесінде қашықтан оқыту ең тиімді құралдарының бірі болып отыр.

Қашықтықтан оқыту барысында оқушыларға психологиялық көмек көрсету өте маңызды. Өйткені бала мұғалімнің энергиясын сезінбей, яғни жүзбе жүз кездеспей, арақашықтықта қарым-қатынасқа түсу, мұғалімнің тақырыпты баяндауын ұғу қиынға соғады. Ол өз кезегінде балада мазасыздық тудырады, өзіне сенімділігін төмендетеді. [1, 3 б.].

Дарынды балалар диагностикасын ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі – теориялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік деңгейлерден тұратын диагностика моделін шығару болып табылады. Оқушының дамуы мен тәрбиелілік деңгейін диагностикалаудың барлық түрлері сияқты бала дарынын анықтауда бала оқитын сыныптың сынып жетекшісімен және психологпен ата-ана пікірлерін ескеріп, мүмкіндігінше педагогикалық кеңестер жүргізген дұрыс.

Дарындылықты анықтау сауалнамалары баланың қабілеттеріне жасалған ұзақ уақыт бойғы бақылаулардың нәтижесін растай түсу үшін, сондай-ақ күшті және әлсіз психологиялық сапаларын дәлірек анықтау мен қажетті психо-педагогикалық көмекті ұйымдастыру үшін қажет. Психоөлшеу

сауалнамалары бала бойындағы қайсыбір дарынның байқалуы мен өзгеру қозғалыстарын зерделеуде септігін тигізеді. [2, 656].

Қашықтықтан оқыту кезінде түрлі қиындықтар да кездеседі. Дәстүрлі оқытуда лицей табалдырығын аттаған 5-сынып оқушыларында алғашқы екі айда жаңа ортаға, жаңа мұғалімдерге бейімделу жүреді. Жаңа сыныптастарымен танысып, жаңадан қосылған пәндерге үйренісе бастайды. Қашықтықтан оқыту жағдайында мұның барлығы онлайн режимінде жүреді. Бұл оқушы үшін өте күрделі кезең десек те болады. Бейтаныс ортаға жаңа қосылған оқушы мұғалімнің, сыныптастарының энергиясын сезінбей, қашықтықтан қарым-қатынас жасау қиынға соғары сөзсіз. Одан да қиыны математика пәнін мұғалімнің тақтасыз есептерді түсіндіргенде бала материалды жылдам меңгере алмайды. Түсінбегенін бірден сұрау да кейде мүмкін болмай жатады. Оның себебі: бір уақытта баламен жарысып бірнеше бала сөйлеуі немесе мұғалім баланы естімеуі мүмкін. Сондай-ақ техникалық ақаулар да өз кедергісін тигізу жағдайы да кездесіп жатады. Мұғалім мен оқушы арасында бетпе-бет қарым-қатынас болу керек. Бұл сабақ барысында мұғалімнің өз ойын дұрыс жеткізу үшін қажет. Онлайн оқуда оқушылардың тақырыпты түсінген, түсінбегендігін немесе сұрақ қойғысы келетіндігін ұғу да қиындық туғызады. Бір отбасында бірнеше оқушы болған жағдайда бір компьютер немесе бір смартфонды пайдаланудың ыңғайсыз болуы немесе кейбір жағдайда қажетті техника мүлдем болмауы да мүмкін. Кейбіреуінде интернет байланысы да жоқ болуы мүмкін. Мұғалім мен оқушының арасында бетпе-бет байланыстың болмауы, оқушыларды ынталандыру әдістерінің аз болуы, қойылған міндеттердің орындалуына тұрақты бақылаудың болмауы – оқу үлгерімі мен білім сапасының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды көп қолдану – баланың физикалық және психикалық денсаулығына, жұмыс қабілеттілігіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан техниканы қолдану барысында қауіпсіздік ережесін сақтау, уақытты тиімді пайдалану - бала денсаулығына келер зиянның алдын алады.

Психологиялық тұрғыдан қашықтан оқытудың тиімділігін арттыру үшін ең бірінші кезекте мектеп психологтары ата-аналармен байланыс орнатып, психологиялық кеңестер беруі керек. Екінші кезекте оқушылармен психологиялық сергіту жаттығулары жүргізілуде. Яғни, білім алушыны бар болмысымен қабылдау, ішкі жан дүниесін және психикалық жағдайын түсіну болып табылады.

Бұл тек оқушыларға ғана емес ата-аналарға да керек қарым-қатынастың жағы. Жүйелі ақпарат алмасу үшін тиімді коммуникацияның техникалары мен тәсілдерін меңгеру артық етпейді. Бұл арқылы біз білім алушының алған ақпаратты қаншалықты меңгергенін біле отырып, психологиялық ахуалын анықтай аламыз. Қалыпты жағдайда кейбір оқушылар сабақтарға жүйелі зейін қойып тыңдамауы мүмкін. Ал, қашықтан оқыту жүйесі арқылы ақпаратты кез-келген уақытта, шексіз қабылдай алады. Бұл деп отырғанымыз оқушының оқу процесін толық меңгеруе мүмкіндігі бар. Мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін тиімді қарым-қатынас орнату үлкен маңызға ие.

Осы тарапта ата-аналармен «Қашықтан оқыту бойынша балалардың ата-аналарына психологиялық кеңестер» берілді. Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес ата-ана назарына ұсынылды. 10 қадам бала тәрбиесіне қатысты кеңестер ата-аналардың қашықтықтан оқыту барысында өте тиімді деп есептеймін. Сонымен қатар, 9 сыныптардың ата-аналарына мамандық таңдауына байланысты «Кәсіптік бағыт – бағдар» беру бейнеролигі дайындалып ата-аналардың назарына ұсынылды. Себебі, кәсіптік бағдарды оқушы ата-анасымен ақылдаса отырып таңдайды. Қашықтан білім беру аясында 5-11 сыныптар оқушыларына «Миға пайдалы жаттығулар» ұсынылды. Оқушылар жаттығуларды қайталау арқылы, ми процесстеріне жақсы әсерін берді. «Есте сақтау қабілетін қалай жақсарту керек?» деген сұраққа арнайы психологиялық жаттығулар бейнеролик ретінде дайындалып оқушылар назарына ұсынылды.

Қашықтықтан оқыту кезінде атқарылатын психологиялық қолдау көрсету шаралары

| р/с № | Жұмыстың мазмұны | Түрі | Қатысушылар |
|-------|--|---------------------|-------------|
| 1. | «Онлайн сабақ оқу жүйесіне көшу барысында Баланың оқу іс - әрекетіне көмектесу сіз бен біздің қолымызда» | Ата-аналар жиналысы | Ата-аналар |
| 2. | «Мен қашықтан қалай оқимын?» «Өзіңді вирустық аурудан қалай сақтауға болады?» | Сынып сағаты | Оқушылар |
| 3. | «Қашықтықтан оқыту және оны қабылдаудағы | Вебинар | Оқушылар |

| | | | |
|-----|--|-----------|------------|
| | пайдалы кеңестер» | | |
| 4. | Көзге арналған жаттығулар | кеңестер | Оқушылар |
| 5. | Тыныс алу жаттығулары | кеңестер | Оқушылар |
| 6. | Кинесиологиялық жаттығулар | тренинг | Оқушылар |
| 7. | Психикалық денсаулығымыз туралы сөйлесейік | Вебинар | Оқушылар |
| 8. | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы | Вебинар | Ата-аналар |
| 9. | Оқушыларға арналған сауалнама | сауалнама | Оқушылар |
| 10. | «Тайм-меджмент» | тренинг | Оқушылар |
| 11. | Кибербуллинг дегеніміз не? | Вебинар | Оқушылар |
| 12. | «Стресс және дағдарыс» | Вебинар | Оқушылар |
| 13. | «Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес» | кеңестер | Ата-аналар |

Оқушылар жаттығу барысын орындау, тыңдау арқылы есте сақтауға оң әсерін берді. Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы. Ата-аналарға психологиялық қолдауда кеңестер әрдайым ұсынылып отырды. Ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда ата-ана өз мейірімділігін білдіре отырып, балаларына жылулық бере отырып, қолдау жасай алатын адамның бірі. Бала мен ата-ананың арасында жылылық орнату, әрбір ата-ана үшін орны ерекше. Сонымен қатар, сынып жетекшілерге және ата-аналарға оқушымен, мұғалім арасындағы жақсы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Оқытушының педагогикалық психологиялық портреті» әдістемесі ұсынылды.

11 сынып оқушыларына ҰБТ-ға байланысты психологиялық кеңестер берілді. Мектеп түлектеріне қолдау көрсетілді. Мектеп түлектерінің ата-аналарына психологиялық кеңес берілді. Қашықтан білім алу кезінде психологтың демеуі өте қажет деп ескеремін. «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде», – деп ұлы ақын Абай Құнанбайұлы айтқандай, балаға тәрбие отбасы мен мектептен беріледі. Осы процессті ұстаздарымыз, ата-аналарымыз, оқушыларымыз еңсеру үшін біз психологтар барынша өз тарапымыздан қолдау көрсетеміз.

Оқушыларға арналған сауалнама

Сауалнамаға 10-14 жастағы оқушылар қатысты. Барлығы 91 оқушы.

1. Сізге қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы білім алу ыңғайлы ма? сұрағына 66% –« иә» деп жауап берсе, 34% - жоқ деп жауап берді.

2. Оқу процесінде қашықтықтан оқытудың қандай форматын немесе білім беру платформасын қолдандыңыз? сұрағына 89% - Zoom, 0% - Teams, 17% - WhatsApp, 0% - білім беру платформасы, 9% - Bilimland, 55% - Darun Online деп жауап берді.

3. Сіздің ойыңызша, оқытудың қай түрі тиімді? сұрағына 16% – қашықтықтан оқыту, 11%– үйде оқыту, 36%– штаттық режимде оқыту, 31% – аралас оқыту (штаттық және қашықтықтан оқыту), 5,5%– дәстүрлі оқыту деп жауап берді.

4. Қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы білім мен дағды жеткілікті ме? сұрағына 69%– иә десе, 31% – жоқ деп жауап берді.

5. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу процесінде қандай қиындықтарды атап өтуге болады? сұрағына 57% – интернеттің болмауы, 7%– ресурстардың жеткіліксіздігі, 4%– ыңғайлы сабақ кестесінің болмауы, 14%–қашықтықтан оқыту дағдыларының жеткілікті деңгейінің болмауы, 14%– жаңа тақырыпты, оқыту мақсатын түсіндіру уақытының жеткіліксіздігі, 20%– орындалған оқу тапсырмаларын орындау және жіберу үшін уақыттың жеткіліксіздігі деп жауап берді.

6. Қашықтан оқытуда нені өзгерткіңіз келеді? деген сұраққа 5,5% –интернеттің кедергісіз жақсы жұмыс істеуін, 46%– ештеңе өзгерткім келмейді, 10%– Zoom платформасы ыңғайсыз, 5.5%– сабақ кестесін өзгерту, 2% – дарын онлайн тапсырмасы болмаса, 5.5% – аралас режимге көшу, 10%–сабақ пен үзіліс уақытын ұзарту, 4%– қашықтықтан оқуда тақырыпты меңгеру қиын, 3%– мектепте оқығым келеді, 1% – компьютер алдында отыру ыңғайсыз, 3%– күнделіктегі бағалауды алып тастаса, 1%– WhatsApp арқылы оқу деп жауап берді.

7. Сіз қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, оқуды жалғастырғыңыз келеді ме? сұрағына 42% – иә деп, 50%– жоқ, 8%– жартылай мектепте, жартылай қашықтықтан оқысақ деп жауап берді.

8. Қашықтықтан оқыту форматында оқушылардың жетістіктерін қалай бағалай аласыз? сұрағына

3%– өте жоғары, 68%– жоғары, 28%– орта, 1%– ортадан төмен деп жауап берді.

Оқушылармен қашықтықтан оқыту кезінде тренингтік сабақтар жүргізілді. «Қашықтықтан оқыту және оны қабылдаудағы пайдалы кеңестер» тренингінде оқушыларға жұмыс күнін жоспарлау, берілген тапсырмаларды уақытында орындау, тапсырманы бірден орындаған оқушы күйзеліске түспей, демалыс уақытын жайбарақат өткізетіні туралы кеңестер берілді. Оқушы өзінің жұмыс кеңістігін және сабаққа қажеттінің барлығын сабақ басталғанға дейін дайындау керектігі ескертілді. Зейінді бір нәрсеге шоғырландыра алу жаттығуды қажет етеді және қандай іс болса да жетістікке жету үшін өте маңызды екені айтылды. Демалыс пен сабақты алмастырып отыруға кеңес берілді.

Қашықтықтан оқыту кезінде компьютер, смартфонға көп үңілгендіктен баланың көзі шаршайды. Сол себепті балаларға көз жаттығулары үзіліс кезінде жасатылды.

Біздің ағзамызда патологиялық және функциялық өзгерістер болған кезде, тіпті көңіл-күйдің кенет өзгерген кезінде де, ең әуелі тыныс алу жүйесі өзінің мінездік сипатын өзгертеді. Бірде қан қысымының жоғарылауы, бірде төмендеуі, немесе кенеттен енгіту де пайда болады. Осы кезде кез келген адам ауа кеңістігіне шыққысы келеді, немесе басқа жерде отырып тыныс алғысы келеді. Мұның барлығы да екінші бір сигнал жүйелері арқылы ми қорытындысын тітіркендіруден туған ағзаның әр түрлі өзгерістерінің нәтижесі. Сол себепті балаларға тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау үйретілді. [3, 56].

Балалармен тақырыптық вебинарлар ұйымдастырылды. «Психикалық денсаулығымыз туралы сөйлесейік» тақырыбындағы вебинарда психикалық денсаулықтың не екенін, оның маңыздылығы және психикалық денсаулықтағы ауыр ақаулардың алдын қалай уақытылы алуға болатыны туралы түсінік беріліп, қиындықтарды қалай жеңу керек екенін, өзіне және достарына қалай көмектесуге болады және психикалық денсаулықты қалай нығайту туралы кеңестер берілді.

«Тайм-менеджмент» вебинарында уақытты ұтымды пайдалану, жоспарлы әрекет ету, жұмысты маңыздылығына қарай кезекке қою туралы түсінік берілді.

«Әңгімелесейік» тақырыбындағы вебинарда

Кибербуллинг деген не?

Мен кибербуллинг құрбанымын ба?

Қалжыңды келемежден қалай ажыратуға болады?

Кибербуллингтің салдары қандай?

«Стресс және дағдарыс» тақырыбындағы вебинарда алдымен «Бой жазу» жаттығуы жасатылды.

Нұсқау: Екі қарындаш немесе фломастер және бір парақ қағаз алыңдар.

Бір уақытта екі қолмен де сурет салып көріңдер. Екі қолмен де бір уақытта бастап, біра уақытта аяқтаңдар. Бір қолмен шеңбер, екінші қолмен үшбұрыш салыңдар. Шеңбер мейлінше бірқалыпты дөңгелек, ал үшбұрыштың бұрыштары сүйір болсын.

Ал енді 1 минутта мейлінше көп шеңберлер мен үшбұрыштар салыңдар.

Осы жаттығу зейіндеріңнің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Ал оны іс арасында, сабақ арасындағы үзілістерде немесе демалыс кезінде жасасандар, ерікті зейіндеріңнің тұрақтылығын және көлемін айтарлықтай дамытасыңдар.

Жаттығудан кейін оқушыларға «Стресс» туралы түсінік беріліп, оның адам ағзасына тигізетін әсері, қандай жағдайлар стресске әкелетіні және дағдарыс деген не? Мен стрессті немесе дағдарысты қалай жеңе аламын? Өз тәртібін өзі реттеу – стресспен күрес тәсілі, өз тәртібін өзі реттеу техникалары көрсетілді.

«Мен және интернет» тақырыбында оқушылармен вебинар өткізілді. Вебинарда интернет және оның мүмкіндігі, интернеттен төнетін қауіптер, интернетке тәуелділік белгілері және т.б. туралы айтылды.

Оқушыларға түрлі тақырыптарда кеңестер бейнежазба түрінде жазылып, WhatsApp чаттарына жіберіліп отырады. Туындаған мәселелер бойынша немесе мазалаған сұрақтары бойынша оқушылар лицей психологының жеке номеріне немесе жеке чатына хабарласып, кеңестер алып отырады.

Жоспарға сай жүргізілетін диагностикалық тестілеулер алдын ала слайд түрінде дайындалып, оқушыларға Zoom платформасы арқылы онлайн жүргізіледі. Алдымен балаларға тесттің мақсаты баяндалып, нұсқаулар беріледі. Тестілеуге берілген уақыт ішінде тапсырма орындалып болған соң оқушылар бірден тест жұмысын суретке түсіріп, психологтың WhatsApp чатына жібереді.

Тест нәтижесі өңделіп болғаннан кейін сараптама жасалып, диагностика нәтижесі бойынша сынып

жетекшіге, пән мұғалімдеріне және ата-аналарға ұсыныстар беріледі және түзету жұмыстары ұйымдастырылады.

Қашықтықтан оқытуда дарынды оқушыларды психологиялық қолдау мақсатында оқушылармен әңгімелесу, кеңестер беру, тренингтік сабақтар ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл балалардың қашықтықтан оқыту кезіндегі кездесетін қиындықтарды, мазасыздықты, үрейді жеңуге және өздеріне сенімділігін жоғарылатуға көмектеседі. Түрлі тақырыптарда ақпарат алуға, қауіпті жағдайлардың алдын алуына септігін тигізеді.

Дарынды оқушыларды психологиялық тұрғыдан қолдау барысында жұмыс нәтижелі болуы үшін оқушылардың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны қолдау жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Дарынды балаларды психологиялық қолдау жұмыстарында төмендегі мәселелерге көңіл бөлген жөн: дарынды балалардың танымдық қабілеттерін арттыруға, оқу мотивациясын жоғарылатуға, өзіндік бағасын түсірмеуге, тұлғалық-мінездемелік ерекшеліктерін ескеруге бағытталуы тиіс.

Қашықтан оқыту – заман талабы. Оқытудың бұл жүйесі сын сағатта халқымыздың ертеңгі сенімін арттырып, дүрбелең кезеңдегі қабылданған дұрыс шешім деп білеміз. Оқушыларымыз бен ата-аналарымызға дұрыс насихатталуына, заманауи білім алуға жауапкершілікпен, бастысы біртұтастыққа, түсіністікпен қабылдауына күш салудамыз. Ұрпағымыз үшін жасалып жатқан ұлағатты жұмыс өз жемісін береді деп сенеміз. ҚҚПА ашықтан оқыту – заман талабы. Оқытудың бұл жүйесі сын сағатта халқымыздың ертеңгі сенімін арттырып, дүрбелдауыыз. ПА

Әдебиет:

1. Қоғамдық-саяси газет «Білімді ел» // Алматы, №5 – 2020 ж. (36)
2. Бабаева, Ю.Д. Одаренность детей и подростков в области новых информационных технологий. / Ю.Д. Бабаева // Одаренный ребенок. -2002.- №5.- с. 4.
3. С. Жұманова. Спорттық морфология негізіндегі тәнтану. / Алматы: Рес. Бас. Каб., 1994. – 5б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ержанқызы Балнұр

*М.Х. Дулати атындағы Тараз
Өңірлік университетінің «Арнайы
педагогика» кафедрасының 4 –курс
студенті*

АНДАТПА. *Мақалада инклюзивті білім беру жүйесін Қазақстандағы білім беру мекемелеріне енгізудің негізгі мәселелері қарастырылған. Осы мәселеге қатысты психолого-педагогикалық және ғылыми зерттеулердің қысқаша анализдері жасалған. Сонымен қатар, қазіргі таңда заңмен бекітілген, инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты құқықтық – нормативті актілер көрсетілген.*

АННОТАЦИЯ. *В статье рассматриваются основные вопросы внедрения инклюзивного образования в образовательных учреждениях Казахстана. Сделан краткий анализ психолого-педагогических и научных исследований по данному вопросу. Кроме того, существуют правовые акты и положения, касающиеся системы инклюзивного образования, которые в настоящее время закреплены в законе.*

ABSTRACT. *The article considers the main issues of the introduction of inclusive education in educational institutions in Kazakhstan. Brief analysis of psychological, pedagogical and scientific research on this issue is made. In addition, there are legal and regulatory acts related to the system of inclusive education, currently enshrined in law.*

ТҮЙІН СӨЗДЕР: *Инклюзивті білім, тактильді, интеграция, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум, декларация.*

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: *инклюзивное образование, тактильное, интеграционное, психолого-медико-педагогическое консультирование, декларация.*

KEYWORDS: *Inclusive education, tactile, integration, psychological-medical-pedagogical consultation, declaration.*

Инклюзивті білім беру – жалпыға ортақ, оңтайландырылған, жан жақты қарастырылған жүйе қалыптастыру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды ортаға бейімдеу емес, ортаны балаға оңтайландыру процесі. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі қарқынмен Қазақстанның білім беру саласында даму үстінде, әрине, әзірге бұл жүйелер Еуропа және Ресей мемлекеттерінен интеграцияланып енгізіліп жатқан жүйе.

Ең бірінші мәселе, ол барлық білім беру мекемелерінде инклюзивті ортаға жағдай жасау (*пандустар, тактильді жолдар, Брайль бедерлі-нүктелі қарпі бар тақтайшалар және нашар көретін балаларға арналған арнайы жарық шамдары, санитарлық бөлмелер және шақыру түймелері*).

Инклюзивті білім беретін кез – келген мекемеде әр баланың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне қарай білім беру жүйесі қалыптастырылған болу керек. Инклюзивті мектептер білім, ақпарат, тәжірибе алуға толықтай жағдай жасауы керек. Бір емес бірнеше мұғалімдер топтасып жұмыс жасауы маңызды. Мектептер ата-аналармен, мемлекеттік және әлеуметтік ұйымдармен қарым – қатынас жасап отыруы балалардың жан-жақты дамуы мен әлеуметтік көпшілік ортада өздерін еркін ұстауға көп көмегін беретіні анық. Мұғалімдердің әр баланың жеке қабілеттерін бағалай білуі, балалардың нәсіліне, қажеттіліктеріне, мәдениеті мен тіліне, жынысына және отбасылық жағдайына қарамастан жетістікке жетуіне үлкен сеніммен қарауы балалар үшін өте маңызды.

Соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен жарияланымдарға жүргізілген талдау инклюзивті білім беру проблемасының әртүрлі аспектілері ғылыми ізденістердің тақырыбы болды деп айтуға мүмкіндік береді. Сонымен, бірнеше оқу-әдістемелік құралдар (*А. Колупаева, Ю. Найда Н.София*) инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық аспектілерін негіздеуге арналған. [7]

Ұжымдық монографияда авторлар тобы инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздерін қарастырып, талдады [5]. Н. Сигалдың жұмысында ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру тұжырымдамасын іске асырудағы шетелдік тәжірибеге аналитикалық шолу ұсынылған. Сондай-ақ, автор "инклюзия", "инклюзивті білім беру" ұғымдарының мәнін анықтап, қазіргі әлемдік білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім беру идеяларының өзектілігін негіздеді [8, 133-143 бет]. Г.Мұхамедиярова мен С. Усманованың мақаласында инклюзивті білім берудің басты мәселелері қарастырылады. Авторлар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың негізгі тәсілдерін және инклюзивті білім беру тұжырымдамасын ұсынды, қазіргі таңда инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың негізгі элементтеріне көп көңіл бөлінуде [6, 45-47 беттер]. О.Бажукова ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектепке интеграциялау ерекшеліктеріне талдау жасады, инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың теориялық және практикалық алғышарттарын зерттеді, оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықтады [2, 6-11 беттер]. Зерттеуде в. Хитрюк білім беру инклюзиясы жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге психологиялық-педагогикалық дайындықтың конативті компонентінің құрамдас бөлігі ретінде болашақ педагогтарда инклюзивті білім беру құндылықтарын қалыптастырудың дидактикалық моделін ұсынды [4, 72-79 беттер]. Э. Леонхард, Н. Краснова, Н.Пирожник, М. Прудников өзінің ғылыми жұмысында интеграцияның әртүрлі жағдайларында инклюзивті білім беруді зерттеді [9, 139-149 бет]. Жарияланымда М. Чернышова "инклюзивті білім беру" ұғымының мазмұнына және инклюзивті білім беру тұжырымдамасының мәніне талдау жасады, Ресейде инклюзивті білім беру идеясын білім беруді интеграциялаудың бір түрі ретінде, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру мекемелерінде психологиялық-медициналық-педагогикалық орталықтар мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумдар құру мүмкіндігі қарастырылды [3, 84-90 бет].

Жоғарыда аталған авторлардың жетістіктеріне қарамастан, оқу орындарында ерекше білім беруді енгізудің тиімділігі мәселесі әлі толық зерттелген жоқ.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру жүйесін енгізу және жұмыстар жүргізуде көптеген заңнамалық құқықтық актілер мен декларациялар жасалған. Қазақстандық ғалым З.А.Мовкебаева балалардың заң алдында құқықтарын бірнеше принциптерге бөліп қарастырған, соның ішінде:

1. Барлық адамдардың білім алуға теңдігі мен жеке қажеттіліктеріне сай білім алуы (адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948);

2. Білім беруді толық дамытуға бағыттау қағидасы (адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948).

3. Білім берудегі кемсітушілікке жол бермеу принципі "бөлек жүйелерді құру немесе сақтау" ретінде анықталған қандай да бір адамдар немесе топтар үшін білім беру немесе оқу орындарының "ата-аналардың немесе ата-аналардың таңдауына" сәйкес келмейтін жағдайларда" (*білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенция, 1960; Бала құқықтары туралы Конвенция, 1989, мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция, 2006 және т.б.*).

4. Барлығына ортақ тең мүмкіндіктер жасау принципі, яғни барлығына ортақ білім беру жүйесін қалыптастыру (*Дүниежүзілік білім беру бағдарламасы, 1982; Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция, 2006 және т. б.*)

5. Мүгедектерді оқыту принципі, мүмкіншілік болған жағдайда қарапайым мектеп жүйесінде (*дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы, 1982*)

6. Білім беру жағдайларын қамтамасыз ету принципі, мүгедектерді әлеуметтік ортаның ажырамас бөлігі ретінде тану және жалпы жүйенің қамтамасыз етілуі (*БҰҰ-ның мүгедектерге арналған тең мүмкіндіктері туралы стандартты нормалары, 1995*)

7. Әлеуметтік қамсыздандыру мен қайырымдылық таныту туралы қағидасы (*Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция, 2006*)

8. Инклюзивті білім беруді барлық сатыларында және өмір бойы қамтамасыз ету принципі (*Мүгедектердің құқықтары жөніндегі Конвенция, 2006*). [1:4-5 бет].

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті білім беру жүйесіне енгізу процесіне қақтығыстар мен кемсітушіліктерге (*дискриминация*) қарсы көптеген іс-шаралар, жобалар да жетерлік. Бұлардың барлығы ортаны оңтайландыруға арналған жүйелер.

Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесіне мұқтаж ерекше қажеттіліктері бар балалар саны жыл сайын артуда. Оған мысал Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Райгүл Айтжанованың «ҚазАқпарат» онлайн-кеңес сайтына берген статистикалық мәліметтері. Қазіргі уақытта Қазақстанда ерекше білімге қажеттілігі бар 161 156 бала бар.

"Қазіргі уақытта Қазақстанда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 161 156 бала бар. Қазақстандағы Арнайы білім беру ұйымдарының саны 420 бірлікті құрайды", - деді Райгүл Айтжанова. Сонымен қатар, ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санатына: көру қабілеті бұзылған балалар, көзі көрмейтін және нашар көретін балалар санаты (қазіргі уақытта олардың саны 8 312 бала); есту қабілеті бұзылған балалар, бұл санатқа естімейтін және нашар еститін балалар - 5 911 бала; тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар - 18 841 бала кіреді; сөйлеу қабілеті бұзылған балалар – 47 022 бала; психикалық дамуы тежелген балалар – 50 826 бала; аутизмі бар балалар-5 193 және ақыл-ойы бұзылған балалар, олардың саны 25 045-ті құрайды. [10].

Мәліметтерге сүйене келе, қазіргі таңдағы ерекше қажеттіліктері бар балалардың санының ұлғаюы жаңа бір жүйені қалыптастыру керек екендігін, алдын алу жұмыстарының жүйелі түрде жасалуын қамтамасыз ету керектігін ұғынамыз.

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламада қажетті шараларды жасауға ықпал ететін іс-шаралар кешені ұсынылған. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру процесіне қажеттілік. Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында Мемлекеттік бағдарлама белгіленген:

- инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер үлесін арттыру;
- инклюзивті біліммен қамтылған балалардың жалпы санынан үлесін арттыру;
- мектепте инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру.

Заң жүзінде тіркелген құқықтарын кеңейту және білім беру мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндіктері республикалық білім беру жүйесіне олардың идеяларын кең ауқымды енгізу болып табылады. Қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірлескен оқыту ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға өзін қарапайым, достары, сыныптастары сияқты сезінуге, өзін әлеуметтік ортада жетілдіруге көп

көмегін тигізеді.

Инклюзивтік білім берудің негізгі нәтижелерінің бірі өмірлік дағдыларды немесе әлеуметтік құзыреттерді (*өзара іс-қимыл, өзара көмек дағдылары, өнімді қызмет және т.б.*) қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік құзыреттілікті арттыруға бағытталған технологиялар және ойын түрлерін ұйымдастыру арқылы әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға болады.

Әлеуметтік дағдыларды тікелей оқыту кезінде мұғалім балаларды ережелер мен мысалдар арқылы дұрыс мінез-құлыққа үйретеді. Ережелерді қабылдау барлық балалар үшін өте маңызды, бірақ бұл олардың жеке тәжірибесімен байланысты болуы керек.

Қорытындай келе, оқушылардың жалпы білім беру процесінің барлық іс-шараларына белсенді және тұрақты қатысуға мүмкіндігі бар екендігін, индивидуалды көмек оқушыны бөлмейді немесе оқшауламайтынын, керісінше ортаға қосатындығына көзіміз жетеді.

Қарым-қатынас - оқытудың бастапқы нүктесі. Мұғалімдер балалармен, студенттермен мұғаліммен және бір-бірімен сөйлесуі керек. Барлық уақытта, барлық экономикалық формацияларда мұғалімнің қамқорлығы тек оқушылардың білімі ғана емес, сонымен қатар олардың адамгершілік келбеті, мінез-құлық мәдениеті болып табылады. Мұғалімдер жаппай инклюзивті білім беруді енгізуді қолдауы керек, өйткені тәжірибе көрсеткендей, арнайы қажеттіліктері бар балалар көбінесе мектеп өмірінен оқшауланады. Мұғалімдер басқа студенттерге кейбір студенттердің сөйлей алмауының немесе сөйлей алмауының, басқаша әрекет етуінің және т. б. себептерін түсіндіруі керек. Айырмашылықтар анықталуы керек және оларға құрмет көрсетілуі керек. Мұндай жұмыс ата-аналар жиналыстарында да жүргізілуі керек. Инклюзияға ең үлкен кедергі, әдетте, теріс көзқарас болып табылады. Балалар өздерімен бірге басқа балаларды көруге үйренбейді, олар басқаша көрінеді және әрекет етеді. Ата-аналар, егер ауытқулары немесе басқа да арнайы қажеттіліктері бар балалар әдеттегі сыныптарға енгізілсе, "стандарттардың төмендеуі" туралы тым көп алаңдауы мүмкін. Мұғалімдер оқушылар, олардың ата-аналары және, әрине, басқа мұғалімдер арасындағы жақсы қарым-қатынасты өзгертуге бағыттаушы рөл атқаруы керек.

Образование-это не самоцель, а средство достижения благополучия через развитие личностных способностей, чтобы привести человека к как можно более полному осознанию того, что значит быть человеком. Таким образом, образование должно играть важную роль в расширении прав и возможностей всех людей, включая людей с особыми образовательными потребностями, в обеспечении финансовой стабильности и социально и личностно полноценной жизни. Кроме того, образование является одним из основных прав человека. Термин "инклюзивное образование" начал постепенно вводиться в законодательные системы во всем мире с разной скоростью и степенью в последние двадцать лет. По данным ЮНЕСКО, инклюзивное образование-это: процесс рассмотрения и удовлетворения разнообразных потребностей всех детей, молодежи и взрослых путем расширения участия в учебе, культурах и общинах, а также сокращения и ликвидации отчуждения в рамках образования и вне его. В этом широком определении инклюзивное образование предусматривает предоставление возможностей для обучения и участия в учебном процессе всем детям – одаренным или не одаренным, с ООП или без нее, гражданам страны или иммигрантам, детям из числа меньшинств или большинства, богатым или бедным.[2-14-15] Инклюзия подразумевает это не только терпимого отношения к различиям, но и принятия их как естественного явления жизни. В более широком смысле это означает наличие равных возможностей наслаждаться и извлекать выгоду из того, что мы имеем ценное в жизни – обучение, социальные взаимодействия, экономическая и политическая независимость, автономия и т. д. – независимо от нашей расы, этнической принадлежности, родного языка, пола, религиозных или политических взглядов, особых потребностей или социального происхождения. Инклюзия отличается от принципа равенства, когда с каждым человеком обращаются одинаково. Она основана на равенстве, то есть равных возможностях, а не на равном обращении. Например, лестница, ведущая ко входу в школу, обеспечит равное обращение, но неравные возможности. Для того чтобы иметь возможность посещать школу, ребенку с инвалидной коляской потребуются архитектурные барьеры на пути к школе должны быть сняты. Пандус и лифт являются частью необходимых условий, обеспечивающих равные возможности. К сожалению, эти физические барьеры-лишь малая часть препятствий на пути к инклюзии, которые необходимо преодолеть. Кроме того, доступ к образованию для детей с особыми образовательными потребностями - это лишь один из аспектов инклюзивного образования.[2-18-20]

Считается, что инклюзивное образование лучше подходит для детей с особыми образовательными потребностями, чем специальное школьное образование. Для учителей английского языка наиболее распространенными трудностями, с которыми им приходится сталкиваться, являются нарушения устной коммуникации, трудности чтения и письма. Инклюзивное образование-это процесс укрепления потенциала системы образования по охвату всех учащихся. В качестве общего принципа он должен направлять всю политику и практику в области образования, исходя из того, что образование является одним из основных прав человека и основой более справедливого и равноправного общества.[3-471]

Однако при обучении английскому языку учитель английского языка должен пользоваться поддержкой: родителей, поддерживающего учителя и даже школьного психолога. Также есть определенные стратегии, которые учитель английского языка должен учитывать при условии инклюзивного образования. Например, урок должен быть спланирован в соответствии со следующими критериями:

Методология, используемая при обучении английскому языку, должна быть адаптирована для детей с особыми образовательными принципами;

Учебный материал должен быть запоминающимся и привлекательным, но также уместным;

Учитель должен планировать дополнительное рабочее время с ребенком; Учебная программа должна быть адаптирована для детей с особыми образовательными потребностями (а именно, необходимо исключить давление на охват всей учебной программы и сосредоточить внимание на развитии нескольких навыков); Педагог вместе со специалистом по инклюзивному образованию должен составить индивидуальный учебный план для детей с особыми образовательными потребностями. Урок английского языка должен быть очень интерактивным; акцент должен быть сделан на пении, игре, танцах, рисовании. Двигательная активность чрезвычайно полезна для детей с особыми образовательными потребностями, так как большинство из них испытывают трудности с тем, чтобы оставаться сосредоточенными или сидеть. Атмосфера должна быть приятной, так как дети чувствуют себя некомфортно, работая под давлением, в стрессовых ситуациях или в скучной деятельности. Абстрактных понятий, правил, грамматических правил следует избегать, так как они вызывают напряжение. Лучше избегать слишком частого исправления ошибок, потому что это может демотивировать детей. Лексические или грамматические фрагменты следует повторять столько, сколько необходимо. Иностранный язык изучается путем непосредственного воздействия на него, поэтому дети с особыми образовательными потребностями должны быть ознакомлены с английским языком путем прослушивания и чтения.[3-472-473] У каждого ребенка свой стиль обучения. По этой причине желательно, чтобы учителя были знакомы со стилем обучения ребенка с особыми образовательными потребностями. Кинестетические дети предпочитают движение во время обучения, визуальные дети предпочитают чтение и картинки, межличностные учащиеся любят групповую работу и классные дискуссии во время обучения. Внутриличностные дети предпочитают работать индивидуально. Очень важно, чтобы учителя адаптировали свой урок к стилю обучения ребенка, особенно при работе с детьми с особыми образовательными потребностями. Типичный урок английского языка для детей с особыми образовательными потребностями должен быть сосредоточен на слушании, игре, говорении, мимике, пении, танцах, актерском мастерстве, аранжировке элементов и т. д. Используемые типы взаимодействия могут быть индивидуальной или групповой работой. Учителя должны постоянно поощрять своих учеников. Самоотверженность и целеустремленность учителя очень важны при обучении английскому языку детей с особыми образовательными потребностями.[4-416-420]

Инклюзия рассматривается как процесс удовлетворения разнообразных потребностей всех детей путем расширения участия в учебе, а также сокращения и ликвидации изоляции в рамках образования и вне его. Она включает в себя изменения и модификации в содержании, подходах, структурах и стратегиях, с общим видением, которое охватывает всех детей соответствующий возрастной диапазон и убежденность в том, что ответственность за образование всех детей лежит на регулярной системе. Термин "инклюзия" по-разному трактуется в разных странах. Часто это связано с участием лиц с особыми образовательными потребностями в обычных школах. Инклюзивная политика рассматривается как ответственность специального образования, ограничивающая анализ всех распространенных форм исключения и дискриминации, которые имеют место в рамках систем образования. В случае инклюзии, напротив, основное внимание уделяется преобразованию систем образования и школ таким образом, чтобы они могли удовлетворять разнообразие потребностей учащихся в обучении, обусловленных их социальным и культурным происхождением и их индивидуальными особенностями в том, что касается мотивации обучения, способностей, стилей и ритма. Согласно этому с точки зрения перспективы, не учащиеся, обучающиеся в школе, должны адаптироваться к существующему образовательному обеспечению, а школа должна быть адаптирована к потребностям каждого учащегося, поскольку все учащиеся разные.

Ключевым элементом инклюзии является не индивидуализация, а диверсификация образовательного обеспечения и персонализация общего опыта обучения с целью достижения наивысшей степени участия всех учащихся с учетом их индивидуальных потребностей. Это предполагает продвижение к универсальному проектированию, где учебный процесс и учебный план с самого начала учитывают разнообразие потребностей всех учащихся, а не планируют на основе "среднего" ученика, а затем осуществляют индивидуализированные действия по

реагированию на потребности конкретных учащихся. Ученики, которые не были приняты во внимание в предложении об образовании, основанном на логике однородности, а не разнообразия. Ответ на многообразие—необходимое условие достижения высокого качества образования— вероятно, является главной проблемой, с которой в настоящее время сталкиваются школы и учителя, поскольку она включает в себя существенные изменения в существующих концепциях, установках, учебных программах, педагогической практике, подготовке учителей, системах оценки и школьной организации. Система инклюзивного образования использует системный подход к изменениям.

Изучение иностранного языка приобрело новый смысл в современном беспрецедентно взаимосвязанном мире. Для людей с ООП она предоставляет неоценимые возможности для достижения большей социальной целостности, получая лучшие возможности для личностного развития, образования, доступа к информации, занятости, мобильности, социального взаимодействия, культурного обогащения, развития межкультурного сознания. Также изучение иностранного языка приносит и другие значительные, "метакогнитивные" выгоды, такие как повышение осведомленности о собственном языке и улучшение критического мышления, умственной дисциплины, гибкости, креативности, памяти исполнительных функций и улучшение когнитивного функционирования.

Система инклюзивного образования считает, что если ребенок не учится, то проблема лежит в системе образования, а не в ребенке с ООП. Трудности возникают из-за жестких методов и учебных программ, недоступной среды, неподготовленных учителей и низкого качества преподавания, отсутствия должного отношения со стороны учителей, отсутствия поддержки со стороны государственных органов и т. д. Таким образом, акцент смещается с того, чтобы сделать систему образования ответственной. Способности детей различны, некоторые учатся быстро, а некоторые - медленно.

Есть способы, с помощью которых и учителя, и родители могут помочь учащимся с конкретными потребностями в обучении. Мы должны наблюдать и узнавать ученика, что имеет решающее значение для предоставления правильной поддержки. Небольшие, но значимые жесты, такие как использование имени ученика при разговоре с ним или поощрение вклада каждого, похвала и поощрение позитивных моделей поведения (позитивное подкрепление), имеют большое значение для укрепления уверенности в себе и установления доверия между учеником и учителем, а также доверия между учеником и учеником и чувства безопасности в классе. Другие стратегии включают адаптацию занятий в классе или результатов обучения в соответствии со способностями каждого ученика, чтобы позволить ему чувствовать реальный прогресс в течение всего года.[5-448-450]

Необходимо поощрять ученика произносить несколько слов каждый день. Учитель, прежде чем учить новые слова, должен повторить старые слова, используя флэш-карты или реальные предметы, чтобы усилить обучение. Это постепенно улучшит словарный запас учащегося и создаст благоприятную атмосферу для изучения языка. Учитель может задавать учащимся простые вопросы, которые будут мотивировать их говорить по-английски. Это упражнение, если его выполнять регулярно, поможет учащимся выучить язык. Все могут безупречно говорить на своем родном языке, не изучив основ грамматики. Большинство из нас учится говорить после прослушивания. Также ученику могут быть показаны флэш-карты, на которых может быть изображен предмет, человек, животное и т. д. Учащиеся могут быть мотивированы, чтобы сказать несколько слов об этом. Позже учащимся могут быть даны небольшие абзацы для чтения. Это может быть направленная деятельность, в которой учитель может быть посредником. Это упражнение позволит учащимся узнать об использовании знаков препинания. Как только ученик овладевает языком, учитель может организовать беседу между учениками на любую легкую для понимания тему. Это укрепит их уверенность в использовании английского языка в качестве языка для разговора.[6-46-61]

Также учитель может использовать следующие классные стратегии в условиях инклюзивного образования:

1. Учитель должен создавать позитивную среду обучения, не дискриминируя учащихся. Учитель должен сосредоточиться на развитии тех областей, в которых учащиеся сильны, а не на том, чему

они изо всех сил пытаются научиться. Это повысит уверенность медлительных учеников.

2. Учитель должен структурировать деятельность таким образом, чтобы в ней могли принимать участие и учащиеся с ООП. Это заставит учащихся почувствовать, что они не лишние.

3. Учитель может иметь набор позитивных правил, то есть не использовать вербальное или невербальное общение, которое будет иметь негативное влияние на учащихся с ООП. Необходимо приложить усилия, чтобы и корректирующие меры были сформулированы в оптимистическом тоне.

4. Деятельность "Тайм-ап" должна эффективно использоваться с учетом исполнителей этой деятельности. Дополнительное время может быть предоставлено учащимся с особыми потребностями. Это побудит учащихся выполнить поставленную перед ними задачу, а не оставлять ее незавершенной.

5. Двигательные упражнения полезны для студентов с особыми образовательными потребностями, так как им трудно сосредоточиться или сесть. Атмосфера также должна быть приятной, так как ученики чувствуют себя некомфортно, работая под давлением, в стрессовых ситуациях или в скучной деятельности. Абстрактных понятий, правил, грамматических правил следует избегать, так как они вызывают напряжение. Лучше избегать слишком частого исправления ошибок, потому что это может демотивировать с учеников.

Следовательно, учитель должен оборудовать класс для работы с инклюзивным образованием в условиях инклюзивного образования:

1. Следует позаботиться о том, чтобы потребности учащегося соответствовали структуре классной комнаты. Другими словами, расположение сидячих мест должно быть сделано таким образом, чтобы учащиеся чувствовали себя максимально комфортно во время учебных занятий. Способный ученик может быть помещен рядом с учеником ООП, чтобы более слабый мог учиться у другого.

2. По возможности учитель должен подготовить индивидуальный или индивидуальный подход к обучению. Следовательно, подготовка рабочего листа потребует тщательного планирования со стороны учителя.

3. Оценка этих рабочих листов учащимися с ограниченными возможностями является сложной задачей для учителя. Учитель должен помнить, что учащиеся должны демонстрировать компетентность не один раз, а несколько раз во время оценки.[7]

Можно сделать вывод, что размещения студентов с особыми образовательными потребностями в инклюзивных классах с обычными учащимися недостаточно. Важно убедиться, что студенты с особыми образовательными потребностями получают всю необходимую поддержку и услуги для доступа к учебным программам. Это также необходимость для учителей развивать свои навыки в преподавании английского языка для студентов с особыми образовательными потребностями. Они должны получить специальную подготовку по методике преподавания и материалам для специального образования в достаточной степени. Обучение студентов с особыми потребностями-это не только работа учителей. Она нуждается в сотрудничестве всех элементов: учителей, школ, родителей и правительства.

Литература:

1. Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. - 82 с.

2. Брызгалова С. О. Инклюзивный подход и интегрированное образование детей с особыми образовательными потребностями / С. О. Брызгалова, Г. Г. Зак // Специальное образование. — 2010. — № 3. — С. 14–20.

3. Бондарева А. В. Реализация инклюзивного образования на уроках английского языка в общеобразовательной школе // Молодой ученый. — 2017. — №5. — С. 471-474.

4. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. / Под ред. В.В. Воронковой. - М: Школа-пресс, 1994, - 416-420 с.

5. Поташник М.М. Управление качеством образования. - М.: Педагогическое общество России, 2000. – 448-450 с.
6. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. - М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1985, - 46-61 с.
7. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. – №4.

УДК 376.356

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ТУДАҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жиенбаева Надежда Бисеновна

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Арнайы білім беру кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы*

Абдуллина Құралай Еділқызы

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Арнайы педагогика мамандығының докторанты*

АНДАТПА. *Мақалада есту қабілеті нашар оқушылардың қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынасқа түсуіндегі ауызша сөйлеудің ролі, ауызша сөйлеуді қалыптастырудағы баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі, танымдық дамуының маңыздылығы көрсетіледі. Есту қабілеті нашар оқушыларға білім берудің негізгі идеясымен бірге оқу-тәрбие үрдісінде компенсациялық орын алмастыруға бағытталған іс-әрекет арқылы әлеуметтік ортаға белсенділігін дамытудың маңыздылығы. Есту арқылы бала қоршаған ортасына бейімделуді үйренетіндігі, заттардан шығатын дыбыстарды тыңдап, оларды көру, ұстау, сезіну арқылы танитындығы және қоршаған ортадағы өзгерістерді өзіне тән сезім мүшелерінің көмегімен салыстырып, түсінуі жөнінде сипаттама беріледі. Ғалымдардың «әлеуметтену» ұғымына берген анықтамаларына қысқаша шолу беріліп, баланың әлеуметтік дамуы жөнінде Л.С.Выготскийдің тұжырымдамасы мен пікірлеріне талдау жасалады. Сонымен қатар есту қабілеті нашар баланың ауызша сөйлеу қорын молайтуда, сақталған көру және сипат-сезу анализаторларының негізіне сүйену қажеттігі туралы ой қозғалады.*

АННОТАЦИЯ. *В статье рассматривается роль устной речи в общении слабослышащих школьников, важность адаптации ребенка к социальной среде, когнитивного развития в формировании устной речи. Важность развития социальной активности через деятельность, направленную на компенсационную замену в образовательном процессе, наряду с основной идеей обучения учащихся с нарушением слуха. Он описывает, как ребенок учится приспосабливаться к окружающей среде через слух, слышит звуки от предметов, узнает их, видя, касаясь, осязая, а также сравнивает и понимает изменения в окружающей среде с помощью своих собственных чувств. Краткий обзор определенных понятий «социализация» учеными, анализ концепции и взглядов Л.С. Выготского на социальное развитие ребенка. Это также поднимает вопрос о необходимости полагаться на сохраненные зрительные и тактильные анализаторы для увеличения словарного запаса ребенка с нарушениями слуха.*

ABSTRACT. *The article highlights the role of oral speech in the introduction of hearing-impaired students into language communication with the environment, the importance of cognitive development, and the child's adaptation to the social environment in the formation of oral speech. Together with the main idea of education for students with hearing impairments, the importance of developing their activity in the social environment through activities aimed at compensatory replacement in the educational process. By hearing, a description is given that the child learns to adapt to the environment, listens to sounds coming from objects, recognizes them by seeing, touching, feeling, and compares and understands changes in the environment with the help of his*

own sensory organs. A brief overview of the definitions given by scientists to the concept of «socialization» is given, and an analysis of the concept and opinions of L.S.Vygotsky on the social development of the child is given. At the same time, the idea of the need to rely on the basis of visual and tactile analyzers, which are stored in the reproduction of the oral speech fund of a hearing-impaired child.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: *Есту қабілеті нашар оқушы, әлеуметтену, ерекше қажеттілігі бар бала, тілдік коммуникация, сөйлеу тілі, қоғам, ұжым, заттық іс-әрекет.*

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: *учащийся с нарушением слуха, социализация, ребенок с особыми потребностями, языковое общение, разговорный язык, общество, команда, физическая активность.*

KEY WORDS: *hearing impaired student, socialization, child with special needs, Language Communication, Speech, Society, collective, subject activity.*

Арнайы білім беру мен оқытуды ұйымдастыру үрдісінде ерекше білімді қажет ететін балаларға жеке көмек көрсетумен қатар, оған арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету, қоғамда кедергісіз аймақ құру, баланың ерекшелік мүмкіндігіне қарай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың тиімді жолдары баладағы екіншілік бұзылыстың алдын-алу мүмкіндігін туғызады. Есту қабілеті нашар оқушылардың айналасымен еркін тілдік қарым-қатынасқа түсуде айтылымдағы дыбыстардың қиғаштануы, жазбаша сөйлеуді меңгерудегі қиындықтар ауызша-логикалық ойлаудың дамуына, танымдық іс-әрекеттері мен жалпы дамуындағы кедергілер, баланың коммуникациялық дағдыларының біртіндеп төмендеуіне әсер ете, жасқаншақ, кей-кезде ашуға тез бой ұрдыратын, тіптен бастапқы сақталған есту қабілетінде жоғалтып алу қауіпін туындатады.

Есту қабілеті нашар оқушыларға білім берудің негізгі идеясы қалған есту қасиетін сақтау, өз бетінше коммуникациялық дағдысын дамытудағы сөздік қорын молайту, сөйлеуді меңгерту және оқу-тәрбие үрдісінде компенсациялық орын алмастыруға бағытталған іс-әрекет арқылы әлеуметтік ортаға белсенділігін дамытуға негізделеді [8]. Себебі, есту қабілеті бала дамуында маңызды рөлге ие. Есту арқылы бала қоршаған ортасына бейімделуді үйренеді, заттардан шығатын дыбыстарды тыңдап, оларды көру, ұстау, сезіну арқылы таниды. Айналасындағы қозғалыс пен әрекеттерді бақылап, қоршаған ортадағы өзгерістерді өзіне тән сезім мүшелерінің көмегімен салыстырады және түсінеді. Осы табиғи шынайылықты танытудың күрделі үрдісінде баланың сөйлеуді қабылдауы ерекше маңызға ие [4].

Есту қабілеті нашар балаларға ауызша сөйлеуді үйретудегі басты ескеретін міндет оның сөйлеу тілінің түсінікті болуын қамтамасыз етуде. Ауызша сөйлеуі қарым-қатынасқа түсу құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ойлау құралы және сөздің анық шығуына сеп болатын базасы ретінде қарастырылуы керек [13]. Сонымен, есту қабілеті нашар оқушыларды сөйлеуге үйретудің міндеті, сөздің максималды түрде анық, толық және фонетикалық құралдармен ерікті түрде байланыса, тұтаса шығуына және айтылым сөзінің мағынасын ұғып, оны ажырату мүмкіндігін қарастыру туындайды. Демек, есту қабілеті нашар оқушыларға білім берумен қатар негізгі мақсат - әлеуметтік ортада еркін коммуникациялық белсенділігін арттыруға, қарым-қатынас орнатуға, өзін-өзі іске асыра алуға және тез өзгеретін әлемде өмір сүруге, бейімделуге үйрету.

Елімізде білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып жатқан кезде ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мәселесі көкейтесті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі, білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген мемлекеттік құжаттар мазмұнында жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ерекше мән берілген [1]. Қазіргі арнайы педагогикалық қауымдастықтың алдында арнайы білім берудің жаңа инклюзивті моделін құру міндеті тұр. Бұл ерекше білімді қажет ететін балалардың әлеуметтік ортада тең жағдайда, яғни қоғамға бейімделуіне, өз-өзіне қызмет етуге, коммуникациялық қарым-қатынасқа еркін түсу ортасын құру дегенге саяды. Мүмкіндігі шектеулі бала дүниеге келген күннен бастап, оның өзінің қоғамға деген ойымен, оны қоғамның қабылдауы да өзгеше жүреді. Осы тұрғыда есту қабілеті нашар балалардың заттық іс-әрекет арқылы ауызша сөйлеуін дамыту маңыздылыққа ие, себебі ұжым арқылы еңбек әрекетін түсе отырып, қолданылатын объектілердің сын-сипатын сезініп, айту арқылы өз-өздерін және айналысындағы ерекше балаларды дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, ересектерге еліктеп, олардың іс-әрекетін бақылап, тәжірибе алады, яғни қоршаған ортаның тілін түсінеді. Педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған заттық іс-әрекет бала дамуының әлеуметтік факторларын айқындайды және

бұл үрдіс біртіндеп оның өмірлік тәжірибесіне айналады.

Әлеуметтік бейімделу адамды өмір сүруге және басқа адамдармен, нәтижелі қарым-қатынас жасауға үйрету үшін қолданылады. «Әлеуметтену» термині латынның *societas* (қоғам) және гректің *logos* (оқу, сөз) деген сөздерінен шығып, тікелей мағынада «қоғам туралы ғылым» дегенді білдіреді [6]. Әлеуметтену – индивидтің әрекетіне қажетті нормативті және рольдік дағдыларды меңгеру үрдісінен күтілетін нәтиже. Әлеуметтену жеке адамның белгілі бір қоғамда табыстылыққа қол жеткізудегі мінез-құлық үлгілерін, әлеуметтік құндылықтарды игеруі. Ол адамның бала кезінен қартайған шағына дейін жүретін ұзақ үрдіс [12]. А.Ю.Карпова өзінің еңбегінде Ю.А.Леваданың пікірімен «әлеуметтану – қоғамдық жүйелердің қызметі мен дамуын зерттейтін эмпирикалық бағыттағы пән», дейді [7]. Шың мәнінде бұл әлеуметтанудың эмпирикалық және теориялық деңгейлер туралы түрлі идеялардың бір ортақ ымыраға келуі, сонымен қатар өзінің аясында ғылыми білім жүйесін құруы керек. А.В.Мудрик ерекше балаларды әлеуметтендіруін субъект-субъектілік қатынас негізінде бейімделу көзқарасымен қарайтын болсақ, онда бұл адамның әлеуметтік ортамен белсенді түрде араласа алуы және оны өзінің даму әлеуеті ретінде қолдана алу қабілеті. Ол үшін әлеуметтік маңызы бар мүмкіндіктерін, икемділіктерін дамыту қажет немесе «өмірдің пайдалы жағына бағытталу» [9]. Ж.Ы.Намазбаеваның пікірінше адам өміріне әлеуметтік тәрбие берудің орны мен маңыздылығы оның әлеуметтенуін дамытуда жатыр, деп қарастырған [11].

Арнайы білім беруді ұйымдастыру мазмұны (оқу пәндерінің құрылымы мен тәрбие беру жұмыстарында) қоғамдық өмірге дайындау элементтерін енгізіп, әлеуметтік-мәдени жағдайларға тән дағдыларын дамытуды, әлеуметтік ортамен әрекеттесу құрылымын меңгертуді, әлеуметтік ортаға кіру (қосылу) және онда толыққанды өмір сүру, қиын жағдайларда өз-өзіне көмек көрсету дағдыларын дамытуды қарастырады. Демек, әлеуметтену - бұл адам баласы дүниеге келген күннен бастап табиғи түрде жүретін үрдіс, бұл үрдіс ерекше білімді қажет ететін балаларда түрлі жолмен жүреді (дамиды). Ерекше баланың қоршаған ортаға әлеуметтенуі арнайы оқытудың ұйымдастыру формаларына да байланысты.

И.М.Андрамованың пікірінше әлеуметтену функциясы өз алдына белгілі бір шеңбер аймағындағы міндеттерді анықтайды; нақты жағдайларда тұлғалардың «толуымен» және әлеуметтік құндылық нәтижесіне жету мақсатындағы адамның әрекетімен мәнді болмақ [3]. Осы тұста ұжымдағы тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру факторы ретінде педагогика мен тәрбиенің маңыздылығы айқындалады.

Н.М.Назарова өзінің еңбегінде «әлеуметтену – бұл адамның қоғамнан алған білімі мен дағдыларын игеру нәтижесі мен үрдісі, жалпы қабылданған мінез-құлық стереотиптерін дамытуы, құндылық бағдар алуы, сонымен қатар оның осы қоғам үрдістеріне қатысуы, әлеуметпен өзара әрекеттесу жағдайларын игеруінің нәтижесі», дейді. Сонымен бірге, бұл әртүрлі әлеуметтік рөлдерді игеру үрдісі және нәтижесі (үй иесі, көрші, сатып алушы, клиент, пациент, бағынышты, қызметкер, топ мүшесі, жолдас және т.б.); бұл өздерінің құқықтары мен міндеттерін білу негізіндегі түрлі әлеуметтік функцияларды орындаулары (азамат, сайлаушы, қызметкер, оқушы, студент); бұл әлеуметтік институттардың жұмыс істеуіне қатысу қағидаларын білу және сақтау (отбасы, құрдастар және басқалар, әртүрлі қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, мектеп, кәсіптік білім беру мекемелері, клиникалар, баспаналар, оңалту орталықтары, адамның еңбек немесе демалыс қызметі өтетін мекемелер мен ұйымдар және т. б.) осы көрсетілгендердің барлығы өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі адамның әлеуметтенуіне және олардың қажетті әлеуметтік рөлдерді игеруіне белсенді түрде ықпал етеді [10; 85].

Г.Қ.Абдуллина әлеуметтену жөнінде «әлеуметтену – баланың тұлғалық дамуындағы табиғи үдеріс, ал қолдау – психологиялық жағдайларды қолдан ұйымдастыру жүйесі. Әлеуметтенудің басты негіздері (теңесу, интериоризация, еліктеу, аккомодация, фасилитация, көз жеткізу, конформизм) соңғы дамудың табиғи заңдылықтарына негізделген, ұстаздан қолдау алатын баламен өзара әрекетінің негізгі тетіктері ретінде қарастыруға болады. Балалық шақта өзгертін әлеуметтік ортаға үйлесімді және тиімді бейімделе алатын және өзінің «өзін» басқа адамдардан ерекшелейтін адамның жетілуі жүреді» деген анықтама берген [2;143].

Баланың әлеуметтік дамуы жөнінде ең алғашқылардың бірі болып Л.С.Выготский айтқан болатын, ол баланың әлеуметтенуі мен жеке дамуы бір-біріне қайшы келмейді, бұл екеуі де жоғарғы функцияның екі формасы. Әлеуметтену – тек ортаға ғана ену емес, сонымен қатар тұлғаның дамуына сеп болушы. Жоғары психикалық функциялар басқа адамдармен, оның ішінде ең алдымен ата-аналарымен,

отбасындағы жақындарымен, кейін ұстаздары және құрбыларымен әлеуметтік қатынастар негізінде туындайтын форма педагогика саласында үлкен мәнге ие [5; 112]. Сонымен қатар Л.С.Выготскийдің танымал «жақын арадағы даму аймағы» (ЖАДА) – «қазір баланың ересектермен жасай алатыны, ертең өз бетінше игере алатындығында», яғни баланың үлкендердің әрекеттесуімен дамитынын көрсетеді [5; 336].

Әлеуметтік даму әлеуметтену және даралау процестерін біріктіреді, баланы тек объективті әлемге ғана емес, сонымен бірге жақын ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың әлеуметтік кеңістігіне енгізеді. Бұл тұрғыда баланың дамуының алғашқы кезеңдері, әлеуметтік қатынастардың, қоғаммен қарым-қатынастың негізі қаланған және оның әлеуметтік қалыптасуы орын алған кезде өте маңызды. Мұғалімдер ерекше педагогикалық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудегі ең қиын педагогикалық проблема олардың әлеуметтенуі болып табылатындығына назар аударады [1]. «Әлеуметтену» ұғымы түрлі қоғамтану ғылымдарында түрлі мәнде қарастырылып жүргенімен, осы тұжырымдама ұғымында «*тұлғаны дамыту*» мен «*тәрбие беру*» түсініктері де бірдей сәтті түрде қолданылады. Л.С.Выготский ерекше балаларды *ұжыммен тәрбиелеу* принциптеріне (қағидаларына) мынадай пікір берген: сол кездегі арнайы мектептер өз шәкірттерін - ерекше балаларды *тәрбиелеуде* баланың ақауына, дене жетіспеушілігіне ғана бейімделіп, тар шеңберден шыға алмай, баланы қоршаған ортадан шектейтінін сөзге тірек етеді [9; 55]. Сөйлеу қабілеті нашар баланың тілін дамытуда қаншалықты жақсы білім берілсе де, ол оны дамыта алмайды, себебі онда қоршаған орта жоқ. Мектептерде ерекше балаларға арналған нәрсенің барлығы оның еркіне қарсы бағытталған, алдын-ала қалыптасқан әдіс баланың өзіндік қызығушылығы мен ұмтылысын бұзып, ішкі жан дүниесіндегі бар нәрсесін сөндіреді. Дәл солай көрмейтін балаға еңбек тәрбиесін беруде оның еңбек әрекеттерінің барлығын жасанды түрде орындатқызады, еңбектен ұйымдасқан – ұжымдық элементін алып тастайды, баланың жұмысты жалғыз орындауында не пайда болмақ, егер еңбекке тәрбиелеудегі қоғамдық ұйымдастыру сынды құндылықтарды алып тастамаса, онда біз оқытуда көрмейтіндерге мүлдем басқаша әсер етер едік. Сонымен қатар, Л.С.Выготский ерекше бала дүниеге келген күннен бастап оның әлемге деген көзқарасын өзгертіп қоймай, оған деген қоғамның санасының өзгеруіне әкеледі. Әлеуметтік ортада мүмкіндігі шектеулі адамдарды қабылдауда дұрыс емес көзқарас қалыптасқан, отбасында бала артық іспеттес немесе махаббатқа бөленіп қабылданса да, балаға өзіне деген аяушылық пен артық көңіл бөлушіліктің өзі ауыр тиеді, себебі онда қоғаммен байланысының шектеуі тұр. Егер біз көрмейтіндер мен естімейтіндерге өз орындарын таба алатындай әлем жасасақ, онда көз көрмеушілік - кемістік, кемтарлық деп қабылданбаушы еді, деген пікіріне негізделе балаға ұжымсыз, жеке берілген білім мен тәрбие, көзделген іс-әрекетті шешуге мүмкіндік бермейтінін аңғартады [9; 87].

Есту қабілеті нашар балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне қарай ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне қосу, бейімдеу және әлеуметтенуін белсендіру қазіргі таңдағы әлем назарын аударып отырған мәселе. Осы орайда, арнайы педагогиканың негізгі функционалдық міндеті - дамуында қажеттілігі бар ерекше тұлғаның қоғаммен, мемлекетпен әлеуметтенуі және олардың дамуына қолайлы жағдай жасаудағы тұлғаның «барлық маңызды» күшін қолдана алуы, өзін-өзі жетілдіруі мен дамытуын жүзеге асыруы көзделген. Сондай-ақ, білім берумен қатар негізгі мақсат - әлеуметтік ортада еркін коммуникациялық белсенділігін арттырып, қарым-қатынас орнатуға, өзін-өзі іске асыра алуға және тез өзгертін әлемде өмір сүруге, бейімделуге үйрету. Әлеуметтік ортада бала өмірдің дайын формалары мен әдістерін, материалдық және рухани мәдениетпен өзара әрекеттесу тәсілдерін саналы түрде игеріп, қоғамға бейімделуді үйренеді, өзінің әлеуметтік тәжірибесін, құндылық бағдарын, өзіндік өмір салтын дамыта алады.

Әлеуметтік ортаға бірден-бір бейімделудің бір себебі бұл коммуникациялық қарым-қатынасқа түсе отырып, өз ойын толыққанды, нақ, сауатты жеткізе алуы, қазіргі әлемде баланың сәтті әлеуметтенуі үшін өте маңызды. Есту қабілеті нашар балалардың әлеуметтік белсенділігін дамытуда ауызша сөйлеу тілінің дұрыстығын қалыптастыру, оның қоғамға кіру үрдісіндегі эмоционалды, құндылық қатынастар деңгейінде бекітілген бағдарын түзетіп, келешек өміріне дұрыс бағдарлана алуына мүмкіндік туғызады. Ол үшін есту қабілеті нашар баланың ауызша сөйлеу қорын молайтуда сақталған көру және сипап-сезу анализаторларының негізіне сүйену қажеттігі туындайды. Себебі, қалдық есту қабілетін сақтауда басқа анализаторлардың тұтасуы, ауызша сөйлеу тілін меңгеруді қалыптастырады. Көру және сипап-сезу анализаторлары арқылы бала заттарды сипаттап, айтып

шыққанда ойлау дамуы өзгереді және бұл жердегі маңызды факт – сөйлеу арқылы ойлаудың қалыптасуының негізі – тәсілдің (кіші моторикаларының белсенуі) жасала бастауы қалыптасады. Сондықтан, есту қабілеті нашар балалардың заттық іс-әрекет арқылы ауызша сөйлеуін дамыту маңыздылыққа ие, себебі ұжым арқылы еңбек әрекетіне түсе отырып, қолданылатын объектілердің сын-сипатын сезініп, айту арқылы өз-өздерін және айналысындағы ерекше балаларды дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, ересектерге еліктеп, олардың іс-әрекетін бақылап, тәжірибе алады, яғни қоршаған ортаның тілін түсінеді. Педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған заттық іс-әрекет бала дамуының әлеуметтік факторларын айқындайды және бұл үрдіс біртіндеп оның өмірлік тәжірибесіне айналады.

Қорытындылай келе, мүмкіндігі шектеулі баланың ішкі ерекше мүмкіндігін ашуды қалыптастыруда, оны қоғамнан алшақтатпай, әлеуметтенуіне және жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету қажет. Себебі, әлеуметтену – бұл тұлғаның дамуын сипаттайтын үрдістердің кең мағынадағы ұғымы. Ол баланың өмірдің дайын формалары мен әдістерін, материалдық және рухани мәдениетпен өзара әрекеттесу тәсілдерін саналы түрде игеріп, қоғамға бейімделуінде ғана емес, сонымен қатар өзінің әлеуметтік тәжірибесін, құндылық бағдарын, өзіндік өмір салтын ересектер және құрдастарының көмегімен дамытады.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина Г.Қ., Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендірудің психологиялық аспектілері //Материалы междунар. науч. практ. конф. «Современные проблемы охраны природы и устойчивое развитие». – Семей, 2020;
2. Абдуллина Г.Қ., Мектеп алды балаларының тілін дамыту: оқу құралы, - Семей, 2014;
3. Андрамова И.М., Основные направления изучения проблемы формирования социальной активности учащихся //Ярославский педагогический вестник, 1999, № 1 (19).
4. Байтұрсынова А.А., Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы, Оқу құралы. - Алматы: 2008;
5. Выготский Л.С., Основы дефектологии, Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.5. Основы дефектологии /Под ред. Т.А.Власовой. – М.:Педагогика, 1983;
6. Горбова Г.А., Самыгин С.И., Основы социологии и политологии /Учебное пособие для средних специальных учебных заведений, Издательский центр «МарТ» Москва - Ростов-на-Дону 2005;
7. Карпова А.Ю., Социология (современные методы социологических исследований): учебное пособие / А.Ю. Карпова; Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2014. – 77 с.;
8. Лапшин В.А., Пузанов Б.П., Основы дефектологии: Учеб.пособие для студентов пед.ин-тов. – М: Просвещение, 1991. -143 с.;
9. Мудрик А.В.Социализация человека: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений /А.В.Мудрик - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Изд-во Московского психолого-социального ин-та, 2011;
10. Назарова Н.М., Аксенова Л.И., Богданова Т.Г., Морозова С.А., Специальная педагогика: в 3 т.: учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений /- М.:Издательский центр «Академия», 2008;
11. Намазбаева Ж.Ы., Жалпы психология: Оқулық – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006;
12. Нурышев Г.Н., Бразевич Д.С., Социология: Учеб.пособие. - СПб.: СПбГУНиПТ, 2010;
13. Рау Ф.Ф., Слезина Н.Ф. Методика обучения произношению в школе глухих: Пособие для учителей -М.: Просвещение, 1981;

ВЛИЯНИЕ СПОРТИВНЫХ ИГР НА РАЗВИТИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ШКОЛАХ

Журсинбекова Г.А.

ст.преподаватель кафедры физической культуры и спорта

Нурпеисова С.А.

АНДАТПА. Мақалада спорт ойындары арқылы мектепте дене шынықтыруды дамыту қарастырылады. Бұл мұғалімнің балаларға сабақты қызықты іспен қызықтыра білуіне, олардың күш-қуаттары ойын арқылы шығуына, әрқайсысына өздерін барынша толық көрсетуге мүмкіндік береді. Оқытушыға үлкен көмек - ойын. Спорт ойындары білім беру жүйесінде балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесінің танылған құралдарының бірі болып табылады.

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается развитие физической культуры в школе посредством спортивных игр. Это дает возможность педагогу заинтересовать урок интересным делом, дать выход их энергии, предоставить каждому возможность наиболее полно проявить себя. Большую помощь в этом учителю может оказать игра. Спортивные игры представляют одно из признанных средств физического воспитания детей и подростков в системе образования.

ABSTRACT. The article deals with the development of physical culture at school through sports. To a large extent, it depends on the teacher, his ability to captivate children with interesting things, to give their energy output, to give everyone the opportunity to fully Express themselves. Great help in this teacher can have a game. The teacher must know the games, know the methodology of their conduct, pick them up in accordance with the age of the players to achieve their pedagogical goals. Sports games are one of the recognized means of physical education of children and adolescents in the education system.

Түйін сөздер: Спорттық ойындар, дене шынықтыру, адам денсаулығы, қозғалыс белсенділігі.

Ключевые слова: Спортивные игры, физическая культура, здоровье человека, двигательная активность.

Keywords: Sports games, physical culture, human health, motor activity.

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке өту жағдайында спорттық ойындар арқылы дене шынықтыруды дамытудың өзектілігі артуда. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», «2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан.[1,2,3,4]

Дене шынықтырудың негізгі мақсаты-тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ету. Жалпы мақсатқа сүйене отырып, оқу үрдісінде көптеген міндеттер шешіледі, соның ішінде тәрбиелік. Бұл міндет спорттық ойындарды шешуге көмектеседі.

Дене шынықтыру - арнайы дене жаттығулары арқылы адамдардың қимыл - қозғалыс, дене - күш қаблеттерін арттыру, жетілдіру денесін шынықтыру.

Дене шынықтырудың мәні дене тәрбиесі құралдарының көмегімен өсіп келе жатқан ағзаның нысандары мен функцияларының қалыптасуына оңтайлы сипат беру, осы кезеңде үйлесімді физикалық дамуды қамтамасыз ету, ағзаның қалыпты жұмыс істеуіне жәрдемдесу, денсаулықты нығайту. Мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі жүйесінде спорттық ойындар маңызды орын алады. Ойын әрекетінің жалпы сипаттамасы спорт ойындарының шұғылданушылардың ағзасына әсерін анықтаудағы маңызды негіз болып табылады.

Спорт пен денсаулық – қазіргі таңда ең маңызды проблемаларымыздың бірі. Жас ұрпағымыздың аз қозғалыстары өмір жолдарында рухани және дене дамуына кері әсерін тигізеді. Жастарымыздың өмірінде бұл кемшіліктерді болдырмау үшін мектептерде оқушыларды дене шынықтыруды қалыптастыру жүйесіне тарту қажет.

Қазіргі өскелең замандағы қоғам ғылыми-техникалық өркениеттің нәтижесінде аз қимыл-қозғалыста болатындығымен айырмаланады.

Балалар телевизор, интернет, компьютер ойындарына қымбат уақыттарын жоғалтады, яғни олар өздерінің көп уақыттарын партада (мектепте), орындықта отырумен өткізеді. Бұл кездерде олардың сезім күйлерінің күштенуі жиі кездеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Спорт - игілікті іс. Спортта мінез – құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар-ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін», - деуі спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін делелдейді.

Спорттық ойындар тәсілдерін пайдаланып, жалпы орта мектептерде оқушылардың дене шынықтыруға қызығушылығын, олардың спортпен сапалы түрде шұғылдануын қалай оятуға болады деген сұрақ туындайды.

Ойын-тарихи қалыптасқан қоғамдық құбылыс, адамға тән өзіндік қызмет түрі. Ойын өзін-өзі тану, ойын-сауық, демалыс, дене және жалпы әлеуметтік тәрбие құралы, спорт құралы болуы мүмкін. Дене тәрбиесі үшін қолданылатын ойындар әр түрлі, бірақ оларды екі үлкен топқа бөлуге болады: қозғалмалы және спорттық. Спорттық ойындар-қозғалмалы ойындар дамуының жоғарғы сатысы. Олар қатысушылардың құрамын, алаңның өлшемдері мен белгілеуін, ойын ұзақтығын, құрал-жабдықтар мен құрал-саймандарды және т.б. анықтайтын жылжымалы бірыңғай ережелермен ерекшеленеді, бұл әр түрлі ауқымдағы жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Спорт ойындары бойынша жарыстар спорттық күрес сипатында болады және қатысушылардан үлкен күш-жігер мен күш-жігерді талап етеді. [5]

Спорттық ойындарда әр түрлі қозғалыстар мен әрекеттер қолданылады: жүру, жүгіру, секіру, түрлі лақтыру және доп соққысы. Ойнаушылар өз серіктестерімен бірге ойын тәсілдерін қолдана отырып, белсенді қарсылық көрсететін қарсыластың артықшылығына қол жеткізуге ұмтылады.

Спорттық ойындарды өткізу үшін балаларды доппен (волейбол, футбол, баскетбол) айналысуға үйрету маңызды. Мұндай түрдегі жаттығулар динамикалық және эмоционалдық. Олар күштің, жылдамдық-күш қасиеттерінің, үйлестіру қабілеттерінің, қарапайым және күрделі қозғалыс реакцияларының жылдамдығының дамуына ықпал етеді. Тапқырлық танытуды, шоғырлануға және зейінді ауыстырып қосу қабілетін, қозғалыстардың кеңістіктік, уақытша, динамикалық дәлдігін және олардың биомеханикалық ұтымдылығын талап етеді. Олар балалардың психикалық үдерістерінің (зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдың ұтымдылығы) және физиологиялық (қан айналымын, тыныс алуды, зат алмасуды күшейтеді) дамуына тиімді әсер етеді.

Қарсыластың қарсы тұруы жеке ойыншының және жалпы команданың ойластырылған іс-қимылдарын жүзеге асыру кезінде шарттардың тұрақты өзгеруіне әкеледі, ойын жағдайларын тез өзгерту. Ойыншылардың алдында дер кезінде шешуді талап ететін әр түрлі міндеттер туындайды. Ол үшін қысқа уақыт аралығында қалыптасқан жағдайды көру, оны бағалау, ең дұрыс әрекеттерді таңдау және оларды қолдану қажет. Егер ойыншылардың белгілі бір білімі, дағдылары, шеберлігі, қозғалыс және ерік қасиеттері болса, осының бәрін жүзеге асыруға болады.

Спорттық ойындардың маңызды ерекшелігі-күрделі ұжымдық тактикалық әрекеттер. Спорттық ойындардың көптеген түрлері командалық болып табылады және жарыстардағы табыс көбінесе барлық қатысушылардың іс-қимылдарының үйлесімділігіне байланысты болады. Ойыншылардан өз іс-әрекеттерін серіктестермен келісу және табысқа жету үшін барынша бастама, шығармашылық және батылдық талап етіледі. [6]

Ойын қызметінің шеңбері тиісті ережелермен анықталады, оларды бұзу жазаға әкеп соғады. Ойыншылар техникалық тәсіл мен тактикалық әрекетті осы уақытта қолдану керектігін анықтап қана қоймай, ойын ережелерін есте сақтау керек. Осылайша, спорттық ойындар жағымды дағдыларды және мінез-құлықты тәрбиелеуге ықпал етеді. Спорттық ойындардың көмегімен жеке мүдделерді ұжым мүддесіне бағыну, өзара көмек көрсету, өз серіктестері мен қарсыластарын құрметтеу, саналы тәртіп, белсенділік, жауапкершілік сезімі, патриотизм сезімдері тәрбиеленеді.

Спорттық ойындарға қатысушылардың көптеген жағдайларда таза ауада, яғни қолайлы гигиеналық жағдайларда орындайтын түрлі қозғалыстары мен іс-әрекеттері сауықтыру маңызы зор. Олар қозғалыс аппаратының нығаюына, жалпы зат алмасудың жақсаруына, ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қызметін жоғарылатуға ықпал етеді және оқу процесінде ақыл-ой жүктемесінің өсуі аясында мектеп жасындағы балалар үшін белсенді демалыс құралы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, спорт ойындарына оқытуды кіші мектеп жасында бастау керек. Лақтыру жаттығулары, допты сырғанау көз өлшегіштің дамуына, үйлестірілуіне, ептілігіне, ырғақтығына, қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне ықпал етеді. Доппен ойындарда дамиды: жылдамдық, секіру, күш, себебі бала ойын жағдайында өз серіктесіне допты беруге немесе оны

айтарлықтай қашықтықта орналасқан жерге лақтыруға тура келеді. Доппен іс-әрекеттер затты ұстап, ұстап, лақтыру, сондай-ақ лақтыру бағытын есептеп, күшпен келісіп, қимыл-қозғалыс мәнерлілігін, жақсы кеңістіктік бағдарды тәрбиелейді. Доппен әрекеттерде көптеген негізгі қозғалыстардың дағдылары жетілдіріледі. Алаңшамен қозғалғанда бала жылдамдаумен, бағытын өзгертумен, жүрумен, секірумен, тоқтаумен жүгірумен, тоқтаусыз қадаммен (алға, алға арқамен, жақтары) жүгірумен және т. б. жаттығады.

Қозғалыс жетіспеушілігі, қозғалыс белсенділігінің шектелуі (гипокинезия деп аталатын) ағзаның қалыптасуына теріс әсер етеді. Қозғалыс белсенділігі заттар мен энергия алмасуын, ағзаның барлық функциялары мен жүйелерін жетілдіруді ынталандырады және оның жұмыс қабілетін арттырады, бұл спорт ойындары кезінде қол жеткізіледі. Орталық жүйке жүйесіне спорттық ойындар елеулі әсер етеді. Қимылдарды орындаудың үлкен жылдамдығы және олардың жиі ауысуы, бұлшықет қызметінің қарқындылығының тұрақты өзгеруі жүйке жүйесінің күшінің, қозғалғыштығы мен лабильділігінің артуына ықпал етеді.

Тәрбие әрқашан оқу үдерісінің маңызды жағы болып табылады. Спорт ойындарын тәрбиелеу мақсатында пайдаланудың оң әсеріне барлық ұжым күнделікті және мақсатты тәрбиемен шұғылданса ғана қол жеткізіледі. Оқу үрдісінде орталық тұлға мұғалім болып табылады. Оған тәрбиеші ретінде жоғары талаптар қойылады. Тәрбиешінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының маңыздылығын атай отырып, А. С. Макаренко былай дейді: «тәрбиеленуші сіздің жаныңызды және сіздің ойыңызды қабылдайды, себебі сіздің жаныңызда не болып жатқанын білмейді, себебі сізді көріп, тыңдайды». Шұғылданушыларды тәрбиелеу сабақ, қосымша сабақтар, жарыстар, спорттық-бұқаралық іс-шаралар барысында, жеке әңгімелесуде жүзеге асырылады. Әрбір сабақтың алдында оқытушы нақты міндеттер қоюы тиіс (мысалы, волейболда құлауда қорғаныс тәсілдерін оқу кезінде – батылдыққа тәрбиелеу, күрделі топтық жаттығуларды орындау кезінде – тәртіптілік, дене дайындығындағы кемшіліктерді жою кезінде – табандылық, еңбекқорлық – жаттығуларды дайындау, алаңды белгілеу, үй-жайларды жинау бойынша тапсырмаларды орындау кезінде және т. б.). Бұл үшін жаттығулар қолданылады, оларды орындау кезінде оқушылар тактикалық тапсырманы түрлі жолдармен шешеді.

Моральдық және ерік-жігерлік қасиеттер жарыс жағдайында әлі де жетілдіріледі. Спорт ойындары бойынша жарыстар эмоциялылығымен ерекшеленеді, сондықтан оларды ұйымдастыру мен өткізу маңызды назар аударуға тұрарлық. Алаңдағы ойыншыны бірден ауыстыру керек. [7]

Мектепте секциялық жұмыс тәжірибесінде спорт ойындары бойынша жақсы ұйымдастырылған жарыстар оқушылардың тәртібін және олардың үлгерімін жақсартуға көмектесетін жағдайлар жиі кездеседі. Теріс эмоцияларды жеңу үшін ойыншылардың борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, оқу процесінде оң әрекеттерді бекіту қажет етеді.

Қортынды: Оқушыларды тәрбиелеу-күрделі және көп еңбекті қажет ететін процесс. Оқушылардың денелерінің дамуын тұлғаның рухани іргетасына сүйеніп және спорттық ойындар арқылы жүзеге асыру қажет. Рухани тәрбиесіз дене саласын дамыту әрекеті, әдетте, сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан оқушылардың өзін-өзі талдауға, өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын дамыту үшін ерекше күш салу керек.

Демек, оқу-тәрбиелеу процесінде спортқа қызықтыру, оқушылардың денсаулығын жақсартып, жұмысқа қабілетін жоғарылата отырып сапалы білім беру – жалпыхалықтық мақсат.

Адамның денсаулығының жақсы болып, үйлесімді дамуында дене шынықтырудың рөлі орасан зор екені баршаға мәлім, яғни балаларға әрбір күнін дене шынықтырумен бастау дағдысын қалыптастыруды неғұрлым ерте бастасақ, солғұрлым оның денсаулығы нығаяды.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасында 2005–2010 жылдарға арналған білімді дамыту «Қазақстан Республикасында 2005–2010 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығы.
2. «2007 – 2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасын бекітутуралы»
3. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1245 қаулысы.
4. «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары» <http://www.mts.gov.kz>
5. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған

стратегиялық жоспары» http://www.edu.gov.kz/strateg_plan

6. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті мен спорттың ілімі мен әдістемесі. -Өскемен, ШҚМУ баспасы. 2009 ж. 260 б.
